

Сейдахметов А.С. және басқалар.

С 31 **Агробизнесінің әлеуетін экономикалық бағалау: Оқу құралы/ Сейдахметов А.С., Куква И.Н., Нұрғалиева К.К. – Алматы: Экономика, 2008. – 263 б.**

ISBN 978-601-225-014-5

Оқу құралында агробизнес жүйесінде өнімдерді ұдайы өндірудің негізгі жағдайлары мен факторларының көрінісін, нәтижелерін сипаттайтын, оған қажетті шығындарды, артық кірістерді сәйкестендірілген көрсеткіштер арқылы жүйелі сілтеуіштермен анықтау және бағалаудың әмбебап жаңа түрлері, әдістемелері көрініс тапқан.

Экономиканың аграрлық секторының ауыл шаруашылығы әлеуетін бағалаудың көптеген нормативтік-экономикалық әдістері жекелеген объектілер бойынша, өнімдер мен мемлекеттің көрсеткіштері бойынша тиімділігін анықтау, салыстыру, бағалау, түсіндіру мен болжаудың категориялық-мөлшерлік жүйелерін құру арқылы жүргізілген.

Оқу құралы студенттерге, аспиранттарға, магистранттарға, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, шаруашылық басшыларына, мамандар мен мемлекеттік қызметкерлерге, сонымен қатар өздерінің білімі мен кәсіби деңгейін көтергісі келетін оқырмандарға арналған.

ББК 65.325я73

Пікір жазғандар: **Ж.Ж. Сүлейменов** – э.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Экономика» кафедрасының меңгерушісі;

Ш.С. Сәменов – э.ғ.к., доцент, Алматы технологиялық университеті «Экономика және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі;

Қ.Ә. Төлғаев – э.ғ.к., Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті «Статистика және бағалау» кафедрасының профессоры.

ҚР жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтары бойынша ОӘС және Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ Ғылыми кеңесі ұсынған.

© Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

© Сейдахметов А.С., Куква И.Н., Нұрғалиева К.К. 2008.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2008.

ISBN 978-6001-225-014-5

Бұл еңбекті немесе келесі оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның аграрлық саласында шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарының жұмыс жасау сипатын тән көп укладты экономиканы қалыптастыруға бағытталған күрделі ұйымдастыру жұмыстары мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алды. Сондықтан агробизнес жүйесінің экономикалық тиімділігін арттыру және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мақсатында агробизнес жүйесін нормативтік-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің рөлі ерекше.

Осыған орай нарықтық экономиканың қазіргі заман талаптарына сәйкес экономикалық бағалаудың ғылыми тұрғыдан негізделген жолдары мен әдістерін әзірлеудің және жүзеге асырудың объективті қажеттілігі туындайды: нормаланған экономиканың тұжырымдамасын, категориялық-мөлшерлік әдістерін зерттеп-танудың жүйелі және көп жүйелі деңгейін қолдану, елдің агроөнеркәсіптік кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдары қызметінің нәтижелерін ескере отырып агробизнесінің әлеуетін синтездеу және бағалау.

«Агробизнесінің әлеуетін экономикалық бағалау» оқу құралында нормаланған экономика тұжырымдамасы тұрғысынан ауыл шаруашылығы әлеуетінің түрлі ресурстарын пайдаланудың факторлары мен нәтижелерін нормативтік-экономикалық бағалаудың кешенді мәселелері қарастырылған.

Бұл кітапта өнім өндіруге жұмсалатын қажетті шығындарды, ренталық төлемдерді, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұдайы өндірісінің негізгі факторлары мен жағдайын сипаттайтын өзара сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштер бойынша монополиялық пайданы ескеретін ауыл шаруашылығы әлеуетін бағалаудың жаңартпашылық нысандары мен әдістерінің мүмкін болатын нәтижелері көрсетілген.

Оқу құралы экономикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге, оқытушыларға, магистранттарға, аспиранттарға, ғылыми және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арналған.

Басылымның мақсаты – нормаланған экономиканың тұжырымдамасы жөнінде түсінік беру, нормативтік-мақсаттық басқару, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу механизмдерін ашып көрсету, білім алушыларды ойлай білуге, яғни мәселені қоя отырып, оның шешімін табуға үйрету.

Оқу құралының құрылымы қарапайымнан күрделіге. «бардан» – «қалай болуы тиіс» түсінігіне; жекелеген объектілер мен құбылыстарды зерттеуден – олардың жүйелілігін, көп жүйелі кешендерін анықтап білуге, функционалдық байланыстар, факторлық және нәтижелік белгілердің қатынастарын орнатудан – өлшеулердің, бағалаулардың, салыстырулар мен үдерістердің айрықша жүйелерін жасауға қарай жыл-жы қағидаларына сәйкес келеді.

Оқу құралы кіріспеден, бес бөлімнен, жеті тараудан және нақты сұрақтары бар он төрт тақырыптан тұрады.

I бөлім агробизнес әлеуетін экономикалық бағалаудың нормаланған тұжырымдамасының теориялық аспектілеріне арналған. Ол нормаланған экономика тұжырымдамасының жалпы теориялық қағидаларын түсіну, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру барысында нормативтік сана мен нормативтік-құндылық жүйелерін қалыптастыру тұрғысынан қарастырылуымен маңызды.

II бөлім объектілер мен құбылыстардың, атап айтқанда: топырақтың құнарлылығы, жергілікті жердің табиғи-климаттық, сурезжимдері жағдайының, агробизнес жүйесі өнімінің ұдайы өндіру үдерісіне тікелей әсер етудегі артықшылығы мен басымдылығын сипаттайтын нәтижесін бағалаудың әдіснамалық негіздерін ашып көрсетеді.

III бөлімде объектілер мен құбылыстардың шығындарын бағалаудың сипаттамасының артықшылығы және басымдылығының әдіснамасы, атап айтқанда: энергия сыйымдылығы, жерлерді өңдеу және мелиорациялаудың ыңғайлылығы, жер телімдері мен жол жағдайларының орналасуы және ауыл шаруашылығы жерлерін шаруашылық-құқықтық пайдалану қарастырылады.

IV бөлім эталондық нәтиже бірлігінің құны мен монополиялық табыстың сипатына орай категориялық-мөлшерлік бағалаудың мүмкін болатын нәтижелері мен қажетті шығындарына арналған.

V бөлімде білім алушылардың аталған курсты оқу барысында алған білімдерін тексеру және бақылау үшін тест-тапсырмалар берілген.

I БӨЛІМ

АГРОБИЗНЕС ӘЛЕУЕТІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ НОРМАЛАНҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1-тарау. Нормаланған экономика тұжырымдамасының ғылыми негіздері.....	6
---	---

1

Нормаланған экономика тұжырымдамасының ғылыми негіздері

1.1. Нормативтік-экономикалық қатынастардың объективті қажеттілігі

1.1.1. Нормаланған экономика тұжырымдамасы туралы түсінік және оның мәні

Нормаландыру жүйесі адамның іс-әрекеті мен қоғамдық қатынастардың ерекше саласы болып табылады.

Демек, оны барабар құралдармен, әдістермен, «ойлау технологиясымен», іздеу стратегиясымен танып-білу үдерісінде әлемді позитивтік білім тұрғысынан танудан маңыздырақ деуге болады.

Адамның іс-әрекетінің барысында біз ғылым мен нормаландырудың, тұлғалық-маңыздылық пен қоғамдық-маңыздылықтың айырмашылығы және бірлігімен, объективті шындықты танып-білудің көп сатылылығымен, көп өлшемділігімен, көп аспектілігімен кездесіп қалатынымызды айта кеткеніміз дұрыс.

Ғылыми зерттеу – нормаландыру – білім беру – бұл бір процестің өзара байланысты тараптарының триадасы.

Құбылыстардың сыртқы және ішкі мәні мен маңызының даму заңдылықтарын талдауда ғылымның орны ерекше екені белгілі.

Нормаландыру, ең алдымен, қоғамдық мағынаға ие. Ол қоғамдық құбылыстарды, адамзат мәдениетінің дамуы заңдылықтары мен бағыттарын ғылыми тұрғыдан түсінуге негізделген және өзін-өзі ұстау, танып-білу, нормаларды сыни тұрғыдан үйрену, қоғамдық-маңыздылығымен терең толғандыратын тұлғалық-маңыздылыққа айналу барысындағы адамдардың әлеуметтік-экономикалық іс-әрекетінің нысанын білдіреді.

Ал оқыту жүйесін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып, жеке адамдардың ойлау қабілетін жетілдіру яғни, проблема қою мен оның шешімін табуда, нормаландыру және нормативтік сананы қалыптастыруда білім мен өнеге бір үйлесімге келтірілуі тиіс.

Ғылым, нормаландыру, оқыту-үйрету өзара тығыз байланысты және де гуманистік мақсаты бір. Оларды бір-біріне заңсыз

қарсы қою: ғылым алдында нормативтік-құндылық жүйелерінің қоғамдық қағидаларын ескермей, немесе нормативтік талаптарды, қағидаларды саналы, еркін, сыни түрде үйренуді жақтамайтын білім алу алдында бас ұру дұрыс емес.

Объектілер мен құбылыстардың кеңістікте және уақытта қатар өмір сүру процестеріне тән заңдылықтарды анықтау және бейнелеу қажеттілігі туындаған жағдайда біз ғылымға жүгінеміз.

Нормаландыру саласындағы барлық ғылыми дүниелердің объективті негізі бар. Нормаландыру заңдылықтарды, байланыстарды, қатынастарды танып-білуге сүйене отырып, оларды қоғамдық-экономикалық қатынастар дамуының сипаттары мен механизмдерінің өлшемдеріне сәйкес келетін еркін күйде қалдырмайды.

Нормаландыру тұрғысынан заттың, құбылыстың түп мәні мен даму заңдылықтары оны білмей тұрып қарастырылмақ емес. Нормативтік зерттеу ақпараты құндылығының негізгі сипаттамасы – зерттеудің белсенді әдістерін қолдану негізінде жаңа факторлар, заңдылықтар, байланыстар, есептеу, өлшеу, қатынастар ашу, салыстыру, бағалаудың жаңа әдістерін жасау, құндылық-нормативтік жүйедегі түрлі заң бұзушылықтардың себептерін түсіндіру; құбылыстар дамуын алдын ала болжау, «барға» сүйенген білімнің белгісіздігін азайтып, оның «қалай болуы керек?» дегенге бағытталған жаңа деңгейін қалыптастыру.

Нормаландыру пәнінің тікелей мақсаты – зерттеу объектілері мен құбылыстарынан жаңа ақпарат алу және шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу. Шығармашылық қайта өңдеу деңгейіне, ғылыми еңбектердегі ақпаратты ретке келтіру дәрежесіне сәйкес, нормаландыру саласына нормативтік зерттеу ақпаратының тек қана 4-5 сыныптары, оның жанашылдық дәрежесінің 4-5 тобы; танымдық қызметінің белгісіздіктерін азайтудың 2-3 категориясы ғана қабылданады.

Енжар түрдегі (пассивный) зерттеудің әдеттегі әдістерін қолдану бұл жерде қолайсыз, жинақталған мәліметтерді өңдеудің статистикалық-математикалық әдістері жарамсыз, сол себепті жинақтаудың мұндай әдістері мұқият өңделгеннің өзінде бірқатар елеулі кемшіліктерге әкеледі. Жүргізіліп отырған зерттеулердің ба-

рысында факторлардың мәні еркін жолмен таңдалынады, ақпарат белгілі бір құбылысты көрсететін факторлардың сілтеуіштері мен көрсеткіштерінің карама-қайшы мәндерінде жинақталуы мүмкін. Мұндай мәліметтерден үдеріс туралы, жалпы құбылыс туралы мағлұмат алуға болмайды. Сондықтан енжар түрдегі экономикалық зерттеулер шындыққа сәйкес келмеген жағдайда белсенді нормативтік зерттеулерге ауысу қажет.

Егер біз нормалауды тек қана таным деңгейіне, нормалар мен нормативтер, мінез-құлықты реттейтін нормативтік-құндылық жүйелерін жобалауға және құруға ғана әкеліп тіресек, оны дұрыс түсінбегеніміз болады. Құру нормаларын, нормативтік талаптар мен құндылықтарды абстрактілі ұғым ретінде қарастырмай, оларды қабылдап, саналы түрде орындау қажет. Қоғамның тұрақтылығы мен ұйымшылдығы қалыптасқан нормативтік сана деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттейтін құндылық-нормативтік жүйеге тәуелді.

Құндылық-нормативтік жүйе адамдар мен әлеуметтік топтардың қоғамдағы мінез-құлқын реттейді, мақсаттар қояды, осы мақсаттарға қол жеткізу жолдарын қарастырады, идеалдарды тексеріп, іріктейді, әрекет түрін таңдауға бағыт-бағдар болады, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеудің бірыңғай тұтас механизмін құрайды.

Адам қызметінің барлық түрлерін қадағалауға, талдауға мүмкіндік жасайтын, оның ішкі психологиялық ықыласының ауысуына түсінік беретін топтар мен тұлғаның құрылымдық бірліктері – құндылықтар, ұстанымдар, нормалар болып табылады.

Құндылықтар мен нормалар бірыңғай нормативтік жүйені құрайды.

Құндылықтар – бұл адам мен қоғамның қол жеткізуге талпынатын идеялары, идеалдары және мақсаттары. Құндылықтар өмірдің жағдайына байланысты өзгертін, өзінше белгілі бір иерархиялық құрылым болып табылатын жүйелерге біріктіріледі.

Құндылықтардың функциялары әр алуан:

- олар адам өмірінің бағыт-бағдары болып табылады;
- олар әлеуметтік тәртіпті сақтауға қажет әлеуметтік бақылау механизмінің қызметін атқарады;
- олар мінез-құлықта шешімін тауып, норма жасауға қатысады.

Әлеуметтік құндылықтар өмірдің мақсаттары мен осы мақсаттарға жетудің негізгі құралдары болып табылады. Сол себепті ол жеке адамдар (индивид) мен топтардың әлеуметтік мінез-құлықтарының ең маңызды реттегіш функциясын атқарады.

Норма – қоғам мен топтардың осы қоғам мен топ мүшелеріне ықпал ететін бір мезгілді көптеген нұсқамалары.

Нормалар топтың, жеке адамдардың, қоғамдық өмірдің интеграциялық үйлестіруші функциясын атқарады. Олар объективті, топтар мен жеке адамдардың көзқарасына тәуелді емес.

Әлеуметтік нормаларға бағалау және міндеттеу кіреді. Бір мезгілді көптеген нұсқамалар оларды орындамаудан туындайтын санкция қолдану арқылы жазаға тартылған жағдайда ғана норма болып саналады.

Нормалардың функциялары нақты жағдайлардағы іс-әрекеттер мен шешімдердің ақылға қонымды және тексерілген әдістерін ұсынғандығынан туындайды.

Нормаларды орындау кездейсоқ уәж әсерінің болмауына әкеледі: олар сенімділікті, стандарттықты, жалпыға түсініктілікті, мінез-құлықтың болжалдылығын қамтамасыз етіп, қоғамдық өмірдің біркелкі және тұрақты болуына әкеп тіреді.

Экономикалық іс-әрекетті зерделеудің екі жолы бар екені мәлім, ол: позитивті экономика және нормаланған экономика.

Позитивті экономика «барды» зерттейді, бағдарламалар мен процестердің салдарына талдау жүргізеді. Біз позитивті заттық білім немесе құбылыстың, процестің қарапайым тікелей бейнесі объективті шындықты білу деңгейінің тек қана өзімен өзі болғандағы нақты нәтижесіне сүйенеміз. Бұл деңгейде біз әзірше аталған құбылысқа қатысты факторлық көрсеткіштер мен сілтеуіштерден, макрожүйеден абстракцияланамыз.

Бұл көзқараста затты бейнелеудің бір жақтылығы айдан анық сезіледі. Себебі ол тек тікелей, жеке құбылыс ретінде қарастырылған. Сондықтан ол жерде анықтаушы шарттардың белгісіз ұштастығынан туындаған нәтижені сипаттайтын белгілер тіркеледі. Мұндай жағдайда олар анық емес, кейбір жағдайда не теориялық, не әдістемелік мүдделерді қанағаттандырмайтын теріс қорытындыларға әкеліп соқтырады.

Нормаланған экономиканың тұжырымыдамасы «қалай болуы тиіс?» деген сұраққа жауап береді. Оның міндеті – кеңістік пен уақыттағы объектілер мен құбылыстардың қатар өмір сүру үдерістеріне тән заңдылықтарды көрсету және сипаттау. Ал бұл заңдылықтар объектілердің, құбылыстар мен белгілердің, сілтеуіштердің жиынтығын және оларды сипаттаушы жиынтықтарды ғана көрсеткендіктен, нормаланған экономиканың тұжырымдамасы объектілер мен балама құбылыстардың аналогтық (ұқсас) жиынтығына тікелей қатысты болады.

Танудың мұндай әдісінің мәні – ұқсастық пен айырмашылық белгілерінің жиынтығын, факторлық және қорытындылық белгілерін, олардың қатынасын, байланысын анықтауды тіркеуде.

Нормативтік зерттеу барысында алынған зерттелетін белгілердің арақатынасы функционалдық нормативтік өлшеуіштер арқылы көрсетіледі.

Әрбір қатаң функционалдық байланыста факторлық белгінің, сілтеуіштің мағынасына қорытынды белгінің белгілі бір мағынасы, ал көп факторлы қорытындыда бірнеше, бірақ, барынша белгілі мағыналары сәйкес келеді.

Ғылым мен экономикалық үдерістерді нормаландыру өзара байланысты. Нормалар – жалпы маңыздылығы жағынан ғылыми шындық сияқты объективті.

Нормаландыру – құбылыстарды, олардың заңдылықтарын, даму бағыттарын ғылыми түсінуге негізделген. Моральдық және адамгершілік нормаларын жиі бұзатын ғылымды немесе жүйелі және көп жүйелі деңгейлерінен шеткерілетін нормаландыруды бір-бірінен артық көріп, оларды қарама-қарсы қоюға болмайды.

Ғылымда да, нормаландыруда да ең алдымен адамның өзі, оның игіліктері бірінші орынға қоюлуы тиіс. Дегенмен де, ғылым мен нормаландыру бірдей емес, олардың әрқайсысы танымдық қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар нысандары болып табылады.

Белгілі жағдай, ғылымның, экономикалық құбылыстардың қажетті шығындарды талдауда, көзге көрінетін және жасырын сыртқы факторлық белгілерімен, сілтеуіштер арқылы айтарлықтай мүмкін нәтижеге жету заңдылықтарын зерттеуде маңызы зор.

Нормаландыру – қоғамның жеке адамға, объектінің, құбылыстың, нормалардың параметрлеріне ұсынатын таным, нұсқама нысанында болып келеді. Анықталғандай танымды нормаландыру тұжырымдамасы үш сатыға бөлінеді:

- біз тікелей көріп, сезетіндер – белгілі бір құбылыстың ауқымын анықтайтын жағдайды сипаттаушы құбылыстар мен белгілер;
- құбылыстың сыртында жасырын тұрғандар, анықтаушы жағдайдың аталған тіркесімімен жасалған қорытындыны сипаттайтын мән-мағына мен белгілер.
- мән-мағына өз дамуында қандай тенденцияға (үрдіске), қандай болуы керек, оның көрсеткіші нормальділік және норма.

Нормаланған экономикада үдеріс параметрлерінің нормадан ауытқуын анықтаумен қоса, нәтижелердің жасырын ысыраптары мен шығындарының жасырын өнімдерін белгілеумен, факторлық көрсеткіштер мөлшерінің бағасымен және факторлық сілтеуіштердің құндылық бағасымен байланысты.

Мысалы МТЗ – 80 БЗСС – 1,0 тракторымен көктеуге дейінгі тырмалау кезінде шаруа қожалығының егістік жеріндегі VIII топтың ауысымында өнімділік мөлшері бойынша 10 га жер игеріледі және 2,1 кг/га жанармай жұмсалды.

Позитивті экономика «барды» тіркейді, яғни ауысымдық өндіріс – 10 га және жанармай шығысы – 2,1 кг/га.

Нормаланған экономика «ауысымдық өндіріс және жанармай шығыны қандай болуы тиіс?» деген сауал қояды. Берілген агрегаттың мүмкін ауысымдық өнімділік 16 га болуы тиіс, ал жанармай шығыны – 2,0 кг/га. Одан ары қарай ауытқушылық нәтижеге әкелген себептер анықталады. Ол себептерге жататындар:

1) процестің нақты параметрінің ауытқуы – агрегаттағы тырма санын (18 тырма) қалыптағыдан (агрегатта 15 тырма), яғни өнімділікті 3 га (16-13) төмендетуге әкелген гиперкөрсеткіш (асқын көрсеткіш);

2) нәтиженің көзге көрінетін ысыраптары – техникалық себептерге байланысты агрегаттың тоқтап тұруы (13-10) – 3 га құрады.

Сонымен, нормаланған мүмкін болатын нәтижелер мынаған тең:

$$N_m = N_{ij} + N_j + N_{kk} = 10 + 3 + 3 = 16,$$

мұнда, N_m – нормаланған мүмкін болатын нәтижелер;

N_{ij} – іс жүзіндегі ауытқушылық нәтижелер;

N_j – нәтижелердің жасырын ысыраптары;

N_{kk} – нәтижелердің көзге көрінетін ысыраптары.

Жанармайдың 1 га жұмсалатын қажетті шығындары (нормаландырылаған) мынаған тең:

$$Ш_k = Ш_{ij} - (Ш_{j\phi} + Ш_{k\phi}) = 2,1 - (2,1 - 2,0) + (2,0 - 2,0) = 2,0 \text{ кг/га},$$

мұнда, $Ш_k$ – қажетті (нормаланған) шығындар;

$Ш_{ij}$ – іс жүзіндегі шығындар;

$Ш_{j\phi}$ – шығындардың жасырын өсімі;

$Ш_{k\phi}$ – шығындардың көзге көрінетін өсімі.

Аталған мысалдағы нәтижелер ысырабы 37,5%-ды құрайды, соның ішінде процесс параметрінің 18,75%-ға көтерілуіне (бұл нәтижелердің жасырын ысырабы) шығынның өсіміне байланысты және 5%-ы – жанармайға жұмсалған процесс гиперпараметрінің салдарынан.

Сонымен, жұмыс параметрлерін төмендету немесе асыра көрсету ауытқымашылық нәтижелер мен шығындарға әкеледі.

1.1.2. Нормалар қоғамдық өмірдің тұрақтылығына, тепе-теңдігіне әкелетін әлеуметтік-экономикалық бақылау мен ықпал етудің құралы ретінде

Нормалар қоғамдық практиканың барлық салалары мен қоғамдық қатынастардың барлық түрлерінде пайда болады. Адам өз мінез-құлқына белгілі бір нормалар жүйесін және онымен байланысты құндылықтарды қабылдап, жүзеге асырса, ол аталған құндылықтар жүйесін қолдаушы, қабылдаушы, жүзеге асырушы тұлғалар тобына кіреді.

Нормативтік жүйелердің әрқайсысы өзінің шектеулі қызмет аясына ие. Мысалы, құқықтық нормалар аса реттемеушілік-

пен өзгешеленіп, заң жүйелеріне үйлестірілген. Оларға күш қолдануды қоса санағанда, қатаң санкциялар мен мәжбүрлеу шаралары тән. *Моральдық нормалар* қоғамның өнегелі санасында әдет-ғұрыптың, қоғамдық көзқарастың әсерімен стихиялық түрде қалыптасады.

Әлеуметтік-экономикалық нормалар жеке адамдар мен топтардың өзара қатынастағы жүйесі ретінде қоғамдық процестердің қызмет жасауын интеграциялау, ретке келтіру, қолдау функциясын атқарады.

Әлеуметтік-экономикалық нормалар мен нормативтердің жасалуына деген жалпы әдістемелік көзқарас мына кезендерден тұрады:

- әлеуметтік-экономикалық нормативтер мен нормалар белгілі бір проблемалар шешімінің бағыт-бағдары болып саналады, қол жеткізуге талпынатын эталон, «идеал» болады;
- әлеуметтік-экономикалық нормативтерсіз қазіргі өмір деңгейін болжау, нәтижелердің жасырын ысыраптарының және шығындардың жасырын өсу себептерін анықтау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұдайы өндірісінің жағдайын бағалау мүмкін емес;
- әлеуметтік-экономикалық нормативтер халықтың өмір сүру деңгейін қалыптастыру болашағын көрсетеді, әлеуметтік-экономикалық процестер дамуының мақсатты нұсқауларын сипаттайды; процестердің заңдылықтарын білмегендік және категориялық-мөлшерлік өлшемдердің болмауы кез келген жасалған іс-шараларды жоққа шығарады;
- әлеуметтік-экономикалық нормативтің қоғамдық бағдар және әмбебап өлшеуіш қасиетінде болуы оны өмір деңгейі мен экономика дамуының басқа да көрсеткіштерінен ерекшелендіреді. Мысалы, ең төменгі жалақы өз бетінше әлеуметтік норматив бола алмайды. Қоғам алдында тұрған сапалы міндеттерді минималды күнкөріс бюджеті (күнкөріс минимумы) деңгейінде қолдануды қамтамасыз еткен жағдайда ғана ол әлеуметтік нормативке айналады.

Қоғамның құндылық-нормативтік жүйесінде заң бұрмалаудың әр түрі кездесетінін айта кеткен жөн.

Аномия – қоғамның құндылық-нормативтік жүйесіндегі әр түрлі бұрмалаушылықтармен байланысты әлеуметтік-экономикалық нормативтік реттеудің жоқтығының немесе әлсіздігінің нәтижесі.

Аномияның мынадай түрлері бар:

- мүдде-тілектерді, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды басқарушы тиімді нормалардың жоқтығы;
- жеке адамдарға, топтарға әлеуметтік-экономикалық нормалардың әсер етуінің төменгі деңгейі; олардың мінез-құлықты әлеуметтік-экономикалық реттеу құралы ретіндегі әсерінің тиімсіздігі;
- нормативтік нұсқамалардың тұрақсыздығы, тиянақсыздығы және қарама-қайшылығы;
- қызметтің мақсаттарын анықтаушы нормалар мен осы мақсаттарға қол жеткізуді реттеуші нормалардың қарама-қайшылығы.

Ауытқушылық мінез-құлық – қоғамның қалыптасқан күтулеріне, моральдық және құқықтық талаптарына сәйкес еместігін аңғарған топтағы жеке адамның немесе қоғамдағы тұлғалар санатының мінез-құлқының тәртіпсіздік туғызуының нысаны.

Ауытқушылық мінез-құлық әлсіз және тұрақты нысандарға ие. Әлсіз және оның кездейсоқ нысандары адамдар арасындағы өзара қатынастар тәртібін бұзуына байланысты (жаңсақтық, қателік, олқылық, өтірік айту, алдау, үндемей қою, әрекетсіздік, немқұрайдылық және басқалар) қоғам назарында болып, өзара қатынастағылармен тікелей және жағдайға байланысты түзетіледі.

Ауытқушылық мінез-құлықтың тұрақты нысандары – бұл ең алдымен моральға және құқыққа қайшы мінез-құлық, олардың әлеуметтік салдарына байланысты және қоғамдық күштердің тәртіпті орнату мен болашақта тәртіпсіздіктің (қоғамға қарсы қылық, маскүнемдік, нашақорлық) алдын алу мақсатында айыптаудың, жазалаудың белгілі бір түрі қолданылады.

Ауытқушылық мінез-құлық – моральға және құқыққа қайшы, өкінішке орай, қазіргі кезде басқару аппаратының төрешілдігінен, демократиялық қатынастардың толық жетілмеуінен, заң бұзудан туындаған шаруашылық және лауазымдық қиянат етушілік,

парақорлық, ұйымдасқан қылмыс жасаушылық түрлері де кездеседі. Яғни оларға қарсы күресу – өте маңызды міндеттердің бірі. Бұл күрестің негізгі жолы – нормативтік сана мен жеке тұлғаның, топтардың, қоғамның нормативтік-құндылық жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Нормативтік сана – адамдардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық қызмет процесіне жеке адамдарды қатыстыруға қажетті шарттар ретінде нормаларды тиісті талаптар, қызмет стандарттары, бағалау эталондары деп санау қажет.

1.2. Агробизнес жүйесінде өнімдерді ұдайы өндіруді талдау, бақылау және синтездеуде іздеу стратегиясының ойлау «технологиясының» құралдары, әдістері

1.2.1. Танымдық қызметтің әр түрлі тәртіптегі ішкі ұстанымдары

Танымның күрделі әдістемелік проблемасының мәні экономикалық танымның дамуын танымдық қызметтің әр түрлі тәртіптегі ішкі ұстанымдарының ауысуы ретінде қарастырған жағдайда оңайырақ шешіледі. Әр ұстанымға белгілі бір қағида төңірегінде өзіндік, білімнің ерекше “формулировкасы” сәйкес келеді.

Олардың ең қарапайымы – жеке заттың жүйе ретінде болуы; күрделірегі – макро- немесе микрожүйенің және заттың оның элементі ретінде болуы; ең күрделісі – көп жүйелі кешендер, яғни жинақталған және түрлі объектілі шындық пен өзі өмір сүріп отырған ортадағы тәжірибені танымының алғышарты деп бағалауында.

Объектілердің түрлері бойынша бұл бөлінуге объектіні сипаттау жолына бағдар беретін теориялық танымның белгілі типологиялық нысандары да сай келеді.

Бірінші нысан өз фокусы тұрғысынан жеке алынған заттың өзін оған тән белгілер мен сілтеуіштер жиынымен қарастырады, әрбір объект бойынша факторлық және нәтижелік белгілердің толықтай жиынтығы тіркеледі.

Танымның екінші нысанының фокусы ретінде “түрі”, “тегі”, құбылыстар, белгілер, сілтеуіштер жүйесін құраушылар болып та-

былады. Ал оларды сипаттаушы жеке құбылыстар, белгілер және сілтеуіштер бүтіннің құрылымдық немесе функционалдық бөлігі, оның элементі, компоненті болып саналады.

Мұнда адамның шындықты тану және тәжірибе жинақтау процесіндегі ойлау операцияларының нәтижесі – түсініктер.

Түсінік дегеніміз экономикалық құбылыстарды танып-білу процесінде адамдар жасайтын белгілер мен олардың байланыстар жиынтығының санадағы түсінігі. Түсінік жалпыламалықпен, заттар мен құбылыстардың маңызды қасиеттерін көрсету мүмкіншілігімен сипатталады.

Белгі дегеніміз табиғат пен қоғамның барлық объектілері мен құбылыстарына тән, қатаң ерекшеленетін, көптеген басқа белгілер арасында сапасы жағынан өзгелермен салыстырылмайтын, өзінің ақырғы немесе шексіз көп мағыналарында анықталған өлшем.

Белгіге екі сипат тән: біріншісі – көрсеткіштің сандық өлшемі немесе сілтеуіштің номинациясы; екіншісі – өлшемнің экономикалық мәнділігі немесе сілтеуіштің құндылығы.

Белгілердегі сияқты түсініктер арасында да үш түрлі қатынас түрі бар:

- тәуелсіздік қатынастары, яғни белгілердің ешқандай қатынастармен байланыста болмауы;
- байланыстылық қатынастары, яғни белгілердің тең құқылы байланыста болуы;
- тәуелділік қатынастары, яғни белгілер тәуелділігінің байланысы.

Танымдық объектілерінің үшінші түрі – әр типті объектілер (жүйелер) мен олардың өзара қатынастарының көптігін көрсететін күрделі шындық. Бұл нысан аясындағы танымның негізгі мазмұны заттардың немесе жүйенің өздері емес, олардың өзара қатынасы, әр түрлі күштердің, факторлардың, процестердің және т.б. балансы, яғни бірыңғай жалпы негізі немесе, нақтырақ айтсақ, бірыңғай және бір тәртіпті заңдар жүйесі жоқ құбылыстардың жиынтығы туралы білімнің күрделі синтезі.

Барлық осы бөліністер танымның белгілі бір қасиеттерін және оның құрылымын, әр түрлі әдістердің өзара қатынасын көрсетеді және экономикалық таным процесінің негізгі нысандары, деңгейлері мен сатылары жөнінен жалпы түсінік береді.

Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін қалыптастыру кезінде жерді интенсивті түрде пайдалану, климаттық ресурстар мен жердің өнімділігі айналасында ерікті немесе еріксіз түрде құрылып отырған танымның бастапқы міндет аясының бір жақты жекелік сипатта екені сөзсіз, себебі өсімдіктер биомассасының 90–95%-ы фотосинтез процесінде пайда болған органикалық заттардан тұрады. Минералды қорек элементтерінің үлесіне өнімнің құрғақ массасының тек 5–10%-ы келеді, яғни өнімділікті арттыру – ең алдымен, қоректік заттардың игерілу процесін нысаналы реттеу және фотосинтезді өнімділікті қалыптастырудың алдын ала құрастырылған кестесіне бағыттау болып табылады. Сондықтан өнімділікті бағдарлау үшін аталған топырақтық-климаттық аймақтағы температуралық режим туралы ақпарат қажет. Осы көрсеткіш фотосинтездің, транспирацияның, минералды қоректендіру элементтерінің және ассимилянттардың қозғалуының энергетикалық негізін құрап, топырақ пен өсімдіктердің вегетация кезеңіндегі жылу, су және ауа режимін қалыптастырады.

1.2.2. Біртұтас жүйелер мен жүйелік кешендерді зерттеу пәні

Жүйелердің көптеген типологиялық және параметрлік айырмашылықтары арасында олардың объективті тегінің – материалдық және идеалдық, табиғи және жасанды, органикалық және органикалық емес, әлеуметтік айырмашылықтарының маңызы зор. Белгілі бір құбылыстарды жүйелі зерттей бастаған әрбір зерттеуші объективті шындықтың топтары мен түрлеріне сәйкес келетін заңдылықтар туралы білімді зерттеуінің негізі деп санауы тиіс.

Бұл айырмашылықтар негізінде нақты жүйелі заңдылықтардың өздерінің тегін түсіну үшін маңызды. Бұл жағдайда “региондық (өңірлік) өлшеуді” пайдаланбай жүйелі талдау туралы ойлар жиі абстрактілі және үстіртін сипат алады.

Жүйелердің объективті ерекшелігін түсіну, әдетте тұрмыс пен құбылыстар диалектикасын, олардың “статикасы мен динамикасын”, “құрылымы мен функцияларын”, “құрылымы мен дамуын” бөлек сипаттайтын таным процесінің өзімен белгілі бір

мөлшерде байланысты. Тек құбылысты оның процессуалдық және статистикалық түрде сипаттаудың шынайы бірлігі шындық туралы, соның ішінде, әрине жүйелер туралы да жеткілікті нақты (объектілік) түсінік береді.

Ғылыми әдістемелік тұрғыдан осындай түбегейлі талаптарды елемеушілік әрекеттері шынайы түсінікті оңай өзгертеді, проблеманы белгілі бір типтің шеңберінде қалуына және аспектілік көзқарасқа әкеледі.

Шынайы бар материалдық жүйелердің әр алуандығына деген жалпы көзқарас олардың екі түрінің барлығын көрсетеді:

- біртұтас жүйелер;
- жүйелі кешендер.

Біртұтас жүйелер, ең алдымен бөлімдер құрылымының, заңдарының қандайда бір құрылымдық немесе функционалдық тұтастыққа бірігуін, олардың ішкі тетіктері мен интегралдық заңдылықтарын зерттейді.

Жүйелі кешендер көп жүйелі кешенді құрайтын екі немесе бірнеше объект-жүйелердің байланыстарын, өзара іс-қимылдары мен қатынастарын зерттейді.

1.2.3. Объект нақты заңдылықтарды орнатудың базалық бірлігі ретінде

Ғылымда нақты құбылыстардың барлығының және дамуының өзіндік, ішкі (бір жақты мағынада) заңдылықтарынан өзге, басқа да одан кеңірек және жалпы заңдылықтар барлығын куәлайтын фактілер біртіндеп жинақталды. Олармен салыстырғанда бөлек құбылыстар мен олардың топтары және өзгеше салалары да жалпы заңдылықтар көрінісінің тек жеке түрі болып қана көрінеді.

Бұл жағдайды түсіну құбылыстардың өзіндік сапаларына, қасиеттеріне, параметрлеріне және ішкі өзара іс-қимылдарына ғана қатысты емес, олардың заңдылықтармен анықталатын макро-жүйесі құбылыстардың жаңа өлшемдері туралы мәселені алдыға қойды.

Ғылыми танымның басты назарында объективті шындық құбылыстарының ірі және шағын жүйелері тұр. Бұдан былай олардың бәрі тек өздерінің ғана емес, одан кеңірек жүйенің

бөліктері, элементтері, құрамдас бөліктері ретінде танылады. Бір объектінің өзі алуан түрлі және әр түрлі тәртіптегі жүйелердің мүшесі сияқты болады.

Осыған ұқсас жағдайларда бір жүйеге қатысты шығарылған (оган объект енгізілген) барлық көрсетілген категориялық параметрлер басқа жүйеде мүлдем басқа болып шығуы мүмкін.

Дәл осы құбылыстар жүйесі (жалғыз ғана объект емес) шынайы әлемнің нақты заңдылықтарын (әдетте, тіршілік ету жағдайының, құбылыстардың көпшілікке бірдейлігі мен біркелкілігінің ортақтығына сүйенуші) орнатуға мүмкіндік беретін базалық бірлік болып табылады.

Сонымен бірге, әдетте жүйе заңдар әрекет ететін арена және олардың анық шегарасы болмайды. Таным қарапайымнан күрделіні, бөлек бөлімдер мен құбылыстардан олардың жүйесін, жиынтықтарын, өзара іс-қимылдарын, «бардан» «қалай болуы тиісті» зерттеуге бағытталған.

Бұл жағдайда ғылыми ойлаудың масштабы мен «фокусы» өзгереді: ол жүйелірек, сонымен қатар саралырақ, көп сатылырақ, көп аспектілеу бола бастайды. Объективті шындықтың шынайы күрделілігі мен көп өлшемділігінің түсініктерін білдіру үшін, танылатын әлеуметтік-экономикалық процестерді әр түрлі деңгейде, сапалық-арнайы аспектілерде, фокусировка (орталықтандыру) жағдайында зерттей отырып және құбылыстардың байланыстары мен өзара іс-қимылдарының барлық жүйелерін кеңірек талдай келе ғылыми таным сараланады.

Осылайша әлеуметтік-экономикалық процестер, жүйелер туралы және адамдардың түсініктері ғана емес, сондай-ақ оларды көріп-білудің нысандары мен жолдары да өзгереді.

Адамның өзін қоршаған әлеуметтік, табиғи әлем туралы білетіндігінің ғана емес, оларды қалай көріп және игергендігінің де үлкен мәні бар. Танымның бұл барабар жаңартпашылдық құралдармен, әдістермен, «ойлау технологиясымен», іздеу стратегиясымен жарактанғандығының маңызы әлем туралы позитивті білімнен кем емес.

Жасанды құбылыстар тобының құрылу және жұмыс жасау заңдылықтары туралы теория таным теориясы мен әдіснамасының бөлігі ретінде жүйелі түрде әзірленуі тиіс. Бұған назар аударуға тура келеді, себебі экономикалық процестердің өлшемдері жө-

ніндегі ұсыныстар мен жұмыстарда өлшемдер проблемасы экономикалық проблема ретінде жиі зерттелмей, белгілі бір бір мәнді көрсеткіштері бар зерттеу саласы ретінде қарастырылады. Яғни шынында өлшемдердің жалпы теориясының, корреляция теориясының ережелерін ешқандай негізсіз механикалық түрде экономикалық процеске ауыстыруға айналып жатыр.

Бұл әрине, экономикалық процестер проблемасын зерттеуде өлшемдердің жалпы теориясында барды зерттеу керек емес дегенді білдірмейді. Зерттеу қажет, бірақ ең алдымен жалпы негізінде экономикалық өлшемдердің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтап, экономикалық процестің мәнін тұрпайыландырмау керек. Өлшемдердің жалпы теориясының ережелерін экономикалық процеске механикалық түрде ауыстыра салу зияннан басқа ештеме әкелмейді, себебі мұнда өлшемдердің объектілері физикалық емес, әлеуметтік-экономикалық болып табылады.

1.3. Агробизнес әлеуетін көріп-танудың және игерудің нысандары мен тәсілдері

1.3.1. Талаптардың, нормалардың, өлшемдердің және салыстырулардың бірлігі арқылы объектілердің бірлігін, өзара байланыстылығын, өзара келісімділігін білдіруші принциптерді жүзеге асыру

Жан-жақты сипатталатын объектілердің, элементтердің, құбылыстардың бірлігін, өзара байланысын, өзара келісімділігін білдіруші принциптер нормаландыру талаптары, нормалардың, өлшемдердің бірлігі мен мазмұндаудың бірдейлігі арқылы жүзеге асырылады.

Нормаланған экономика экономикалық нормаларға ерекше талаптар қояды:

- нормалар мен нормальдың бірлігі. Норма нормаланған процеске ғана бекітіледі. Прогрестік нормалар процесті жобалауда қалыптасады. Нормаландыру үшін жобалау саласы жаңартпашылдық және сенімді ақпарат көзі ғана

емес, сонымен бірге әдіснамалық зерттеу объектісі. Мұнда нормаландыру үшін маңызды негізгі базалық ұғымдар қалыптасады:

- нормалар белгілі бір уақыт кезеңі аралығында тұрақты болуы тиіс. Сонымен қатар нормалар жүйесінде жаңалықты қабылдағыштық, икемділік танытудың ішкі қасиеттері болуы керек. Нормативтік зерттеу қызметінің өнімі ретінде жаңалық терең, батыл ойды білдіре келіп, экономикалық дамудың негізгі бағыттарының бірін анықтайды.

Соңғы уақытта экономикада ұқсас бөліктер мен элементтердің әр түрлерінің арасында жалпылық ерекшелігін, белгілерін анықтауға негізделген сәйкестендіру әдісі кең тараған. Бір нормаға, бір нысанға, компоненттердің, элементтердің, объектілердің біркелкілігіне келтіру «сәйкестендіру» (унификация) терминімен белгілене бастады. Біркелкі көзқарас, сәйкестендіру принциптері тек компоненттер (құрамдас бөліктер) мен құбылыстарға ғана емес, сонымен бірге әдістерге, терминологияға және технологияға да қатысты.

Өнімнің және көрсеткіштер түрінің көптігі нормативтер мен талаптарды жіктеу, яғни оларды түрлері бойынша бөлу қажеттілігін туғызды. Бұл аспектіде типтеу, сәйкестендіру, жүйелендіру практикалық міндеттерді шешудің тиімдірек жолдарын табуға мүмкіндік жасады.

Бірлік, бөлінбеушілік, көрсеткіштер өлшемдерінің тұтынушылық өзара келісімділігі, қасиеттердің тұтынушылық сілтеуіштері мен олардың экономикалық мәнділігі, құндылықтары уақыт өте келе «сәйкестендірілген көрсеткіштер» және «жүйелі сілтеуіштер» деген ұғымдарға біріктірілді.

Сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштер заттық, жаратылыстық, техникалық тұрғыдан анықтығы және қоғамдық, тұтынушылық, бағалық мәндегі, құндылықтағы екі жақтың бірлігінің белгісін көрсетеді.

Бір жақты көрсеткіштері, сілтеуіштері өзара тікелей салыстырмалы емес.

Факторлық белгілерге байланысты нәтижелі белгілердің өзгеру заңдылықтарын білу жалпылаушы өлшем ұғымдарын (түрлену өлшемі, жалпылық өлшемі) енгізуге мүмкіндік туғызды.

Өте көп өлшемдік көрсеткіштер мен нақтылы сілтеуіштер бір өлшемге және бір нормаға келтірілген.

Ғылымның тәжірибесі мен табыстарын пайдалана отырып, нормаландыру жана бағыттарды әзірлеуге, жаңа құндылықтарды жасауға қатысады, объективті шындықты танып-білудің ескірген көзқарастарын, таным әдістерін әрдайым өшіріп отырады.

Тұтастық принципін қолдана отырып нормаландыру екі шешімге ие болады:

- тура – бөліктерден тұтасқа қарай, яғни нақты көрсеткіштер мен тікелей сілтеуіштерден әмбебаптыларға және жүйелілерге;
- кері – тұтастан құрамдық бөліктерге, әмбебап көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштерден біркелкі түрлену өлшеміне, нақты объектілер мен олардың кез келген үйлесімі үшін жалпылық өлшеміне.

1.3.2. Сәйкестендіру әдісі, сапаның, санның және өлшемнің бірлігі

Нормативтік материалдар сапасы критерийлерінің бірі – оларды сәйкестендіру. Сәйкестендірудің дәрежесін және сатысын айыру қажет.

Сәйкестендіру дәрежесі нормативтерді қолдану жөнінен кеңістіктік-уақытша қатынастарға қатысты бөлінеді. Сәйкестендірудің сатысы функционалдық нормативтік өлшемдердің бірлігіне байланысты бекітіледі.

Кеңістіктік қатынастар, бір жағынан әлеуметтік-экономикалық қатынастарды нормативтік реттеудегі біркелкі тәртіпті білдірсе, екінші жағынан материалдық объектілердің ұзақтығын көрсетеді.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың нормаларын сәйкестендіру түрлері: салалық, салааралық, бірыңғай, халықаралық.

Уақытша қатынастар – бірін-бірі ауыстыратын оқиғалар мен олардың ұзақтығының тәртібі. Реттелетін қатынастардың, қатынастар субъектілерінің мазмұны өзгергенде нормалар да қайта қаралуы тиіс.

Нормаланған экономиканың кеңістіктік-уақытша қатынастары өндірістік қатынастарда бірыңғай және әмбебап болып сана-

лады. Бірде бір материалдық объект кеңістіктен және уақыттан тыс тіршілік ете алмайды. Кез келген объект бір бағытта ғана дамиды – өткеннен болашаққа қарай, ал толық білім – заттың түпкілікті тұтастығы туралы білуді талап етеді.

Білім – бұл өткен, бастан кешкен тәжірибе жайлы естелік және алдағы тәжірибе жайлы біршама дұрыс түсінік. Егер адамда ондай мүмкіншілік болмаса, егер өткеннен бөлініп алынып, болашақта ешқандай бағдары белгіленбесе, ол қоғамдық құбылыстардың нақты ахуалын объективті бағалай алмайды.

Сондықтан заттық, тікелей білім – экономиканың позитивті тұжырымдамасына негізделсе, құбылыстарды тану процесі айтарлықтай деңгейде шектелуі мүмкін.

Позитивтік тұжырымдамада танымның дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланып, болмысты өзгертіп сипаттайтын (инварианттық белгісіздік) терминдер теориялық тұрғыдан ауызша тұжырымдармен ауыстырылып, жаңа мағыналы білімге қол жеткізіледі. Бұл жағдай негізінде барабар емес ұстаным, себебі жалпы заңдылық нақты жағдайда әрекет етеді. Дәстүрлі құралдарды пайдалануда шындық жоғалады, оның орнын өз негіздерінен ажыраған және бар мағынасын жоғалтқан ауызша түсініктер алады. Әрдайым ауызша пікірлерді қолдану экономикада экономикалық-математикалық әдістер арқылы түбегейлі бекітілгенін тағы да айта кеткен жөн.

Бұл таңдау шындықты ауызша түсініктер мен сипаттамалар пайдасына ауыстыруға шешілген. Осымен бірге таным әдістеріне қатерлі вирус енді – сапа, сан, өлшем бірлігінің бөлінуі және ұғымдарды бейнелеудің бір жақтылығы.

Бұйымдық, заттық ортаны сипаттауда «сапа», «сан», «өлшем» санаттары басты рөл атқарады. Өлшемдер, салыстырулар, есеп айырысу, айырбас, материалдық құндылықтарды бөлу – адамның бар қызметі осы санаттармен байланысты.

Ауыл шаруашылығы әлеуетін нормативтік-экономикалық бағалауда олардың сапалық және сандық сипаттамасы бөлінбейтін бірлікте болады. Сан мен сапа объектілерді мейлінше толық сипаттап, әр объектіні жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Шынайы объектіде сан мен сапа біріктірілген. Тек таным

мақсатында олардың қоршаған орта және құбылыстармен байланысын, жанама әсерін анықтау үшін сападан сан жасанды түрде ажыратылады. «Сапа» мен «сан» категорияларының бірлігі, бөлінбеушілігі, өзара келісімділігі өлшем ұғымына біріктіріледі. Әрбір нақты сан мен әрбір нақты сапаның белгілі бір өлшем шегі бар. Сапа белгілерінің бірнеше категориясы бар:

- көрсеткіштердің тұтынушылық өлшемдерінің экономикалық мәнділігін бағалау;
- белгілердің тұтынушылық сілтеуіштерінің экономикалық құндылығын бағалау;
- объектінің сапасын функционалдық немесе экономикалық бағалау;
- объектілер жиынтығының сапасын интегралдық бағалау.

1.3.3. Белгілер мен параметрлердің жиынтығы ретінде санада түсініктерді қалыптастыру

Түсініктер мағынасын қалыптастыруда келесі анықтамаларға сүйенеміз:

Ұйымдастырылған ғылыми бақылау және белсенді эксперимент жағдайында ішкі және сыртқы ортадан түсетін белгілі бір ақпарат мөлшерін өңдеу барысындағы адамның білімі түсініктер мен олардың байланыстарының жиынтығын құрайды.

Түсінік – құбылыстардың, процестердің мән-мағынасын ашуға, олардың маңызды жақтары мен белгілерін қорытындылауға себебін тигізуші, дүниетанымда әлемді бейнелеудің түрі.

Белгі – бұл табиғат пен қоғамның барлық объектілеріне тән, қатты ерекшеленетін, басқа көптеген белгілерінің арасында сапасы жағынан теңдесі жоқ, өз мағыналарының, өлшемдерінің соңғы немесе шексіз көпшіліктегі басқа белгілерінде анықталған түрленудің, жалпылықтың өлшемі.

Қандайда бір объектілердің өлшемін анықтаушы шарттарды сипаттайтын белгілер *факторлық* деп аталады.

Анықтаушы шарттардың аталған тіркесінен туындаған нәтижені сипаттайтын белгілер *нәтижелі* деп аталады.

Объектілердің, құбылыстардың жиынтығын сипаттайтын және кеңістік пен уақытта объектілер мен құбылыстардың қатар тіршілік ету процестеріне тән, осы нормативтік зерттеуде тіркеуге жата-

тын ұқсастық, факторлық және нәтижелі белгілердің жиынтығы *ұйымдастырылған бақылаудың, белсенді эксперименттің бағдарламасын* құрайды.

Норма ретінде есептелетін эталондық өлшемдермен салыстырғандағы объектілердің, құбылыстардың, процестердің белгілі бір сипаттамаларын бекітуді мақсат етуші таным процесі *өлшеу* деп аталады.

Ойлау операциясы – ең төменгі түсініктердің бірнешеуін ең жоғарғы түсінікке айналдыру немесе керісінше, жоғары деңгейдегі ұғымды төменгі деңгейдегі ұғымдарға бөлу. Түсініктерді қалыптастыруда ойлау операцияларының сипаты сөзсіз әр түрлі, бірақ ол баламалы ауысу мағынасында тең мәнді.

Осындай ойлау операцияларының негізгі бес түрін атауға болады:

- 1) сілтеуіштер жиынтығы мен олардың мөлшерінің белгілі шекте өзгерулерінің белгілері бойынша сілтеуіштердің ерекшеліктерін қорыту;
- 2) ерекшеліктерінің белгілері мен сілтеуіштерінің саны бойынша түсініктерді кеңейту, өзге күрделі объектілерден мәнділіктің, құндылықтың функционалдық және экономикалық бағасы бойынша объектіні, құбылысты бөлу;
- 3) объектілердің, құбылыстардың нақты белгілерінен, ерекшелік сілтеуіштерінен назарды басқаға аудару, бөлімдердің синтезін жүзеге асыру арқылы құрылымдық, функционалдық тұтастыққа әкелу, олардың ішкі тетіктері мен интегралдық заңдылықтарын орнату;
- 4) көп жүйелі кешенді құрайтын бірнеше объектілер мен жүйелердің байланыстарын, өзара іс-әрекетін және қатынастарын бекіту;
- 5) шығармашылық қиял актілерінің негізінде жаңа семантикалық ақпарат құру.

Ұғымдар, жүйелі сілтеуіштер мен сәйкестендірілген көрсеткіштер түрінде белгілі бір жүйелі тәртіпке келтірілген әлеуметтік-экономикалық ақпараттардың көптігі *әлеуметтік-экономикалық білім жүйесі* деп аталады.

Әрбір ойлау операциясы танымның белгілі бір деңгейіне тиісті болып, белгілі орын алуы керек.

Әр түрлі ойлау операцияларының өзара байланысы әр түрлі сатыдағы түсініктерді қолдануға мүмкіндік береді.

Бастапқы түсініктер негізінде жаңа, жеткілікті мөлшерде жалпыланған түсініктер қалыптасуы мүмкін.

Түсініктердің бар жиыны интеграцияның түрлі сатыларына жатқандығына қарамастан, байланыстардың жүйелілігін анық көрсетуді талап етеді. Біз тек сонда ғана білімді бағалаудың шыннайы мәнісін біле аламыз.

Білімнің екі түрін тани білу және оны айыра білу бәріміз үшін маңызды: бір жағынан, адамға тәуелді емес, бірегей, абсолюттік құнды өмір тәжірибесі арқылы бізді байытатын, екінші жағынан, қандай да бір жағдайда пайдалы, бірақ міндетті түрде қайталанатын тәжірибе негізінде өзіміз саналы түрде арттыратын білім екендігіне көзіміз жетіп отыр.

1.3.4. Сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштер

Адамзат әрқашан шындықты тұтастықта тануға, ол туралы толығырақ және көлемдірек түсінік алуға талпынған және талпынады. Дегенмен бұл процестің өзі тым қарама-қайшылықта болады. Себебі адамзат көбірек білім жинақтаған сайын ғылыми таным табиғат пен қоғамдық өмірдің құпияларына, мәселелерді шешуде және туындаған проблемалардың түбіне бойлаған сайын бөлшектене отырып, мамандануда және саралануда осы білімді жинақтау және синтездеу қажеттілігі арта түседі.

Біз кей кезде ғылым мен білім салаларының бірқатары бір жақты, яғни бір қырлы, аспектілі мағына беретінін аңғара бермейміз немесе жіті көңіл бөлмейміз. Тек қана құрылымдар мен қызмет жасау процестерін зерттейтін ғылымдардың бар екені бізді таң қалдырмайды.

Осы түрлердің бәрі бір жақты ғана қамтылғандықтан парадокстік қорытындылар мен абсурдке әкеледі. Егер әр объект, құбылыс ерекше қайталанбас сапалы бірлік, ал оның бөлек, бір жақты сандық сипаттамалары осы бірегей бірліктің мәні болса, онда объектілер мен ерекшеліктер салыстыруға келмейтін болар еді. Заттар мен құбылыстардың саны шексіз. Олардың ерек-

шеліктерін сипаттаушы өлшемдердің нақтылы сілтеуіштері мен көрсеткіштерінің саны да өлшеусіз. Егер әр құбылыс барлық өз көрсеткіштеріне, сілтеуіштеріне қатысты болып, олардың экономикалық мәнін, құндылығын және оларды бір өлшемге, жүйеге келтіруді бағаламай, бірегей бірлік ретінде қарастырған болса, бұл жағдайда ұтымды таным мүмкін болмайды. Барлық жағдайда білім бір жақты ғана бейнелесе де мұндай тәртіп бізге әдеттегідей және қалыпты болып көрінеді. Осы бөлек зерттелетін жақтар мен құбылыстарды зат туралы жалпы білім жүйесіне біріктіру статистикалық және процессуалдық нысандағы заттар мен құбылыстарды сипаттаудың бірлігі ғана бізге шындық туралы жеткілікті түрде терең және нақты, көлемді түсінік береді. Осылайша шын мәніндегі біртұтастық пен көп өлшемділік қалыптасады. Білімнің бір-бірін өзара толықтырушы классикалық, хрестоматиялық мысалдары диспозиция (құрылым – функциялар, құрылу – даму, статика – динамика) және триада (тезис – антитезис – біріктіру) болып табылады.

Нормативтік өлшеуіштер экономикада базалық өлшеу бірлігі болып табылады.

Нормативтік әдістер, зерттеулерді жалпылау амалдары процестердің заңдылықтарын анықтауға және оларға сай функционалдық нормативтік өлшеуіштерді бекітуге талпынады:

- нәтиже – пікір айту;
- нәтиже – байланыстылық;
- нәтиже – өзара іс-әрекет;
- нәтиже – элиминациялау;
- нәтиже – тұтынушылық қасиеттерді салыстыру;
- нәтиже – тұтынушылық қасиеттердің ұштасымы;
- нәтиже – реакция;
- нәтиже – арақатынас;
- нәтиже – әсер.

Функционалдық нормативтік өлшеуіштер сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштерді қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Сәйкестендірілген көрсеткіштер шкалалық нормативтік өлшеуіштер ретінде саналып, келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- өлшем көрсеткіші мен бірлігінің атаулары;
- түрлену өлшемдерінің сатылары;

- көрсеткіштің абсолюттік мөлшерінің түрлену өлшемі;
- көрсеткіш мөлшеріне қатысты түрлену өлшемі;
- көрсеткіш мөлшеріне қатысты түрлену өлшемінің тең әрекетті мөлшері;
- жұмыс топтары бойынша көрсеткіштер өлшемінің экономикалық мәнділігін бағалау коэффициенті;
- жалпы жиынтықтағы түрленудің өлшем сатысының көлемі және оның өлшем бірлігінің атауы;

Жүйелі сілтеуіштер мына түсініктерге негізделген:

- кодтау – әдеттегі мәтіндік мәліметтерді қысқартылған шартты белгілерге ауыстыру;
- ақпараттық-іздеу сілтеуіші және онымен тікелей байланысты сілтеуіштің жоғары және төмен тұрған атаулары;
- сілтеуіш өлшемінің шамаластығы және шектері;
- біріктірілген объектілердің құндылық коэффициенті;
- біріктіру көлемі және оның өлшем бірлігінің атауы.

Жүйелі сілтеуіштерді қалыптастыруда мына талаптарды орындау қажет:

- әр сілтеуіштен кейін деңгейі мен дәрежесі көрсетілген тікелей төмен тұрған сілтеуіштер орын алады;
- басты жүйелі сілтеуіш басты емес лексикалық бірліктің басына қатысты алты кіші әріпке тең қашықтықта сол жаққа жылжумен көрініп тұруы тиіс;
- лексикалық ескертулер ашық жерден соң қиғаш жақшада сілтеуіш мәтінінен кейін басылуы тиіс;
- реляторлар сілтеуіштің соңында дөңгелек жақша ішінде басылуы тиіс.

1.3.5. Категориялық-мөлшерлік өлшемдер

Экономика ғылымының басты міндеті – есептеу, өлшеу және процестердің ерекше топтарын бағалау жүйелерін әзірлеу.

Нормативтік есептеу жүйесі (НЕЖ) көп еңбек сіңіруді қажет ететін есептеу әрекеттерінен азырақ еңбекті, белгіленген есептеу шегінде айтарлықтай жеңілдету мүмкіндігін жасайтын шкалалық-диспозициялық, дәлдік-белгілік сандардың ұштастығын білдіреді.

НЕЖ-дің негізгі ұғымдары мыналар:

Цифралар жүйесі – жүйелі сан-амалдарды көрсетуге арналған жазбаша белгілер жиынтығы.

Жүйелі сан-амал – басқа бөлімнің бастапқы көрсеткіштерінің өлшемі бойынша бір бөлімнің ізделіп отырған көрсеткіштерін табуға мүмкіндік жасайтын позициялық және позициялық емес құрама бөліктерді біріктіруші дәлдік-белгілік сан.

Нөмірлеу жүйесі – сан-амалдардың құрама бөліктерін көрсету үшін цифрларды біріктіру тәсілі.

Метрикалық көп мөлшерлік шкалаландыру – тапсырылған есептеу шегінде жүйелі сан-амал жиынтығы бойынша көп мөлшерлі шкалаларды құруға арналған әдістер жиынтығы.

Есептеу жүйесінің шкалалары – сан-амалдың құрамдас бөліктерінің екі градациясынан тұратын, белгілі бір есептеу жүйесі аспабының өлшеу бөлігі.

Сан-амалдардың позициялық құрамдас бөліктері – сандық-реттік бірліктердің көмегімен сан-амалдың құрамдас бөлігін көрсету.

Сандық-реттік бірлік (СРБ) – сандық позиция дәрежесінің реттік көрсеткіші, есептеу жүйесінің қысқа-үлестік негізі, орнындағы цифрды белгілеуші цифрлардың үштік қосындысымен берілген құрама сан.

Орнындағы цифр – бір цифрдың тұрған орнына байланысты әр түрлі сандарды белгілеуі мүмкін болатын санды жазу әдісі.

Есептеу жүйесінің еселік-үлестік негізі – жүйелік еселік-үлестік шаманы білдіруші, есептеу жүйесі дәрежесінің негізіндегі сан.

Дәреженің реттік көрсеткіші – реттік бірлік, сан түрінде ұсынылған құрама санның ірілігі немесе ұсақтығы жөнінен түсінік беретін көрсеткіш. Үлкен оң тәртіп – санның ірілігін, теріс – аздығын көрсетеді.

Сан-амалдардың позициялық емес құрама бөлігі – сандық-диспозициялық бірліктердің көмегімен сан-амалдың құрамдас бөлігін көрсету әдісі. Сандық-диспозициялық бірлік – есептеу жүйесі дәрежесінің ұдайы негізін және дәреженің ауыспалы екі жақты көрсеткішін білдіретін цифрлардың бинарлы қосындысы түрінде берілген құрамдас сан.

Есептеу жүйесі дәрежесінің ұдайы негізі – жүйелі сан-амалдың есептеу және нөмірлеу негізіндегі жүйелі еселік бірлік.

Практикада қолданудың барынша ыңғайлы негізі болатын 10 саны, бірақ теориялық зерттеулерде басқа бірегей 21-ондық дәлдігіндегі ТЗУС – 2,718281828.459045235.360 белгі қолданылады.

Бүтін және бөлшекті бөлімдерден тұруын және бөліктердің бір бүтіндікке екі жақты қосылуын *дәреженің ауыспалы екі жақты көрсеткіші* деп білеміз. Дәреженің оң көрсеткіші оң бүтін және бөлшекті құрамдас бөлімдерден тұрады; дәреженің теріс көрсеткіші теріс бүтін және оң бөлшекті құрамдас бөлімдерінен тұрады.

Дәреженің теріс көрсеткіші екі нысанда берілуі мүмкін – табиғи және жасанды.

Дәреженің теріс көрсеткішін табиғи нысаннан жасандыға ауыстыру үшін:

- бүтін бөліктің абсолюттік көлемін бірлікке арттыру;
- алынған санның жоғарғы тұсына минус таңбасын қою;
- нөлге тең емес цифрлардың ақырғысынан өзге бөлшекті бөліктің барлық цифрларын тоғыздан алып тастау; ақырғы нөлге тең емес цифрды оннан алып тастау қажет.

Нормативтік есептеу жүйесін әзірлеуде олардың атаулары (ондық, екілік, үштік және т.б.), шектік-белгілік дәлдігі мен сандардың көп мәнділігін көрсету үшін белгілер жүйесі беріледі.

Шкалалық-сәйкестендірілген сан-амалдар $ЕСД=ДДБӘН^{ДЕСК}$ бөлу жолы арқылы қалыптасады.

Мұнда, ЕСД – есептеуіш-сәйкестендіру дәрежесі;

ДДБӘН – дәреженің дәлдік-белгілік әмбебап негізі;

ДЕСК – дәреженің есептеуіш-сәйкестендіру көрсеткіші.

Шкалалық-жүйелі сан-амалдар $ЕЖД=ДЕЖН^{ДЕЖК}$ сәйкес қалыптасады.

Бұл жерде, ЕЖД – есептеуіш-жүйелі дәрежесі;

ДЕЖН – дәреженің есептеуіш-жүйелі негізі;

ДЕЖК – дәреженің есептеуіш-жүйелі көрсеткіші.

Экономикалық процестің өлшеу, салыстыру, бағалау проблемаларын зерттей келе, ең алдымен дәстүрлі және категориялық-мөлшерлік өлшемдердің ерекшеліктерін айыра білу қажет.

Категориялық-мөлшерлік өлшемдер мынаған байланысты:

- процесс басталғанға дейін объектілердің сыртқы белгілері мен сілтеуіштері және олардың жиынтығы бойынша мәндік-нәтижелі көрсеткіштерді орнықтырумен. Бұл тура емес, жанама өлшеулер;

- түрлену, ортақтық өлшемдері ғана емес, құндылықтың экономикалық мәнділігінің тұтынушылық бағасы бар сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштерді қолданумен;
- қалыптасқан ұғымдарды нөлдік базиске әкелумен, яғни жоғарғы санаттық ұғымды нақты көрсеткіш пен тікелей сілтеуіштің негізін құраушы бастапқыға дейін бөлшектеумен. Өз негізінен бөлінген ұғым мағынасын жоюмен бірге пайдасыз болып қалады. Негіздің тұрақтылығы ауызша мәтіннің, ұғымның мағыналық тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- тең дәрежеде “кездейсоқ” және заңдылықтағы, алдын ала болжауға келмейтін және оңай болжалатын, шамасы пайдасыз немесе анық табыс әкелетін фактілерге қатысты заңдылық, болжау, пайда және абсолюттік білім триадасымен қатаң байланысқан тәжірибеге сүйенген білімнің айырмашылықтарымен;
- практикада біле тұра қол жеткізілмейтін, шындыққа анық қатысты, сенімді толық білімді ұсынумен. Толық білім біздің заттың түбегейлі тұтастығымен қосылуымызды талап етеді.

Қажетті нормативтік базасыз экономистердің категориялық-мөлшерлік өлшемдерді қолдануға мүмкіндіктері жоқ. Сол себепті аномалиялық ауытқушылықтардың себебін түсіндіру, экономикалық құбылыстар дамуын болжау, табиғат ресурстарын салыстыру, бағалау, олардың ерекшеліктерінің, көрсеткіштерінің белгілі бір жиынтығын салыстыру, олардың шығындар мен нәтижелерге қатысты ықпалын анықтау, еңбек және еңбектік емес шығындардың айырмашылығын бөлу, қалыпты процестің параметрлерін жобалау, нәтиженің жасырын ысырабы мен шығындардың жасырын өсімін болдырмау да мүмкін емес.

Категориялық-мөлшерлік өлшемдерсіз іс жүзінде жаһандық проблемаларды ғана емес, әуелі жеңіл міндеттерді шешу де мүмкін емес.

Экономикалық процестердің арнайы топтарының өлшеу, бағалау жүйелерін әзірлеу тұжырымдамасы мынадай жаңартпашылық элементтерді енгізуге сүйенуі тиіс:

- өнім мен шығындар өлшемдерінің бірыңғай есептеуіш бірлігі;
- нәтижелердің эталондық бірлігін бірыңғай реттеуші баға;
- шығын өтелімділігінің бірыңғай коэффициенті;
- шаруашылық жүргізудің бірыңғай эталондық шарттары;

- шығындар мен нәтижелердің бірыңғай жіктелімі;
- өнімнің баламалы айырбасын және нақтылы еңбек шығындарын заттандырылған шығындармен алмастыруды реттеу механизмі;
- өлшемнің, салыстырудың, бағалаудың категориялық-мөлшерлік әдістері;
- заттық, еңбектік, құндық көрсеткіштердің үш жақты байланыстырушы бағасы;
- сәйкестендірілген көрсеткіштер мен жүйелі сілтеуіштер.

Тұжырымдама келесі өлшемдерді қолдануды көздейді:

- көрсеткіштердің нақты сандық мөлшерлері мен ерекшеліктердің, объектілердің және олардың жалпы жиынтықтағы көлемдерінің тікелей ауызша сілтеуіштерін;
- функционалдық нормативтік өлшегіштерді;
- мөлшерлік нормативтік өлшегіштерді;
- категориялық-мөлшерлік нормативтік өлшегіштерді;
- категориялық нормативтік өлшегіштерді;

Икемділік, атаулылық, дәлдік, көпөлшемдік экономикалық өлшемдердің жаңартпашылық жүйесін, өлшемнің, салыстырудың, бағалаудың, процестер дамуын түсіндірудің, болжаудың дара, арнайы механизмін жасайды.

Бүгінгі күні нормативтік әдістердің көпшілігі өлшеулердің, салыстырулардың және бағалаудың категориялық-мөлшерлік жүйесін құруға мүмкіндік беретін деңгейге жеткені туралы айтуға болады.

Келесі тарауларда агробизнес жүйесінің ауыл шаруашылығы әлеуетін экономикалық өлшеудің әдістері мен тәсілдері ашып көрсетіледі.

1.3.6. Агробизнес жүйесі өнімдерінің ұдайы өндірісі атауларының, тәртібінің, интервалының, қатынастарының және жағдайын бағалаудың шкалалары

Категориялық-мөлшерлік өлшеулерде, салыстыруларда, бағалауда әр түрлі шкалалар қолданылады.

Шкала (лат. *scala* – саты) – тікелей немесе жанама өлшеудің, талдаудың қадағалау процесінде жинақталған әлеуметтік-экономикалық ақпаратты бағалауға арналған құралдың өлшемдік бөлігі.

Бастапқы шкалалар сандық немесе атаулы болулары мүмкін. Бастапқы шкалалары сандық болса, онда көп мөлшерлі, метрикалық шкалалау жайлы сөз болады. Атаулы бастапқы шкалалар болса көп мөлшерлі метрикалық емес шкалалауға жатады. Қарапайым шкала градацияның екі немесе бірнеше тармақшаларынан және шкалалар тобынан тұрады. Мысалы, трактор-көлік агрегаттары жұмыс жасап жатқан жолдардың бәрі бұрылу бұрышының көрсеткіші бойынша градуспен жолдардың жеті градациялық топтарына бөлінеді (1-ге дейін; 1-3; 3-5; 5-7; 7-9; 9-11; >11), ал атауларының сілтеуіштері бойынша үш топқа:

- жетілдірілген (асфальтті-бетонды, цементті-бетонды, кеспетасты, гидронирленген, клинкерлі) және төсеуге қатты материалдар қолданылған (жұмыр тас төселген, қиыршықты-ұсақ тасты) және жақсы жағдайдағы қара жолдар;
- жетілдірілген және төсеуге қатты материалдар қолданылған жолдар мен зақымдалған, далалық қара жолдар;
- қатты зақымдалған, терең шұңқырлы айқыш жолдар.

Жолдардың әр градациясы экономикалық мәнділіктің бағалау коэффициентіне, ал әр тобы – құндылықтың бағалау коэффициентіне ие.

Шкалалар бірнеше түрге бөлінеді:

Бөлек сәйкестендірілген көрсеткіштерге қатысты қолданылатын және мөлшерлер түрлендірмесі мен олардың экономикалық мәнділігінің өлшемдеріне түрлендіру белгісінің көлемі бойынша мөлшерлер жиынтығын бөлуді білдіруші *өлшем шкаласы*.

Ерекшеліктердің жүйелі сілтеуіштерінің әр түрлі жиынтығына қатысты қолданылатын және ерекшеліктер сілтеуіштері құндылығының бағалау коэффициентінің бірыңғай түрлендірме өлшемі бойынша бір типті сілтеуіштерді біріктіру жолы арқылы бір бағалы жиынтықтарға бөлуді білдіруші *типологиялық шкала*.

Бір объекіден басқаға көлемі және позициясы бойынша өзгертін, көп мөлшерлі өлшеулерде және олардың параметрлерін сипаттаушы сілтеуіштер мен ерекшеліктер кешенін бағалауда объектілердің дәрежесін анықтау міндетін атқарушы *талдамалық шкала*.

Бағалау объектілері мен сапа көрсеткіштерінің және оларды шаруашылықта қолданудың жиынтық дәрежесі негізінде мүмкін нәтижелер мен қажетті шығындарды анықтау міндетін атқарушы *интегралдық шкала*.

Бірқелкі нормативтер және өнім өндіру мен баламалы шығындардың эталондық бағалау негізінде құндық әсерді, ренталық төлемдерді, монополиялық пайданы анықтау мақсатындағы *категориялық шкалалар*.

Негізгі шкала мен бағалау шкаласы бар *топырақтың энергия сыйымдылығын* салыстырмалы бағалау және *ауыл шаруашылығы алқаптарының контурлық шкалалары*. Жанармайдың өнімділігі және шығыны бойынша бағалау шкалаларына реттік нөмір беріледі.

Энергия жұмсалудың 100 бірлігіне (эталон) үлестік қарсылығы 0,50 кг/см² агрегаттың жер жыртудағы энергия жұмсалуды қабылданған.

Контурлықтың 100 бірлігіне тік бұрышты нысанды, ұзындығы 2000 м контурланбаған егістіктегі агрегаттың өнімділігі қабылданған.

Шкалаларды әзірлеуге бастапқы материал ретінде алынатындар:

- нормативтік зерттеулердің материалдары;
- табиғи-шаруашылық әлеуетінің паспорттық және технологиялық сипаттамалары;
- бір үлгідегі технологиялық процестер;
- параметрлер бойынша мемлекеттік стандарттар және көрсеткіштер мөлшері көлемінің нақты түрлендірмелері;
- өнім өндіру жағдайы.

Бастапқы материалдарды талдау және өңдеу нормаланған экономика тұжырымдамасының негіздерін білуді ғана емес, сонымен қатар процестерді, нормалар мен нормативтерді жобалауда шеберлікті, дағдылықты талап етуші ең күрделі және көп еңбек сіңіруді қажет ететін жұмыс.

II БӨЛІМ

ОБЪЕКТИЛЕР ЖӘНЕ ҚҰБЫЛЫСТАР СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН БАСЫМДЫЛЫҒЫН НӘТИЖЕЛІ БАҒАЛАУ

- 2-ТАРАУ. Ерекшеліктер сілтеуіштері мен көрсеткіштер өлшемдерінің іргелі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалау.....36
- 3-ТАРАУ. Ұдайы өндірістік-эталондық өнімдік сілтеуіштердің өзекті сипаттамасын нәтижелі-басымдылықты бағалау.....94

Ерекшеліктер сілтеушілері мен көрсеткіштер өлшемдерінің іргелі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалау

2.1. Топырақ құнарлылығы көрсеткішінің мөлшері мен ерекшелігі сілтеушілерінің іргелі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалау

2.1.1. Топырақ құнарлылығының түрлері және оның ұдайы өндірісі

Құнарлылық ұғымына өсімдіктердің қоректік элементтерге, суға деген мұқтаждығын, олардың тамыр жүйесінің жеткілікті мөлшерде ауамен, жылумен және қалыпты өсіп дамуы үшін қолайлы физикалық-химиялық ортамен қамтамасыз ету қабілеті жатады.

Топырақ құнарлылығының факторлары мен шарттары бар. Алғашқысына өсімдіктердің азотты және күлді қоректену элементтері, су, ауа және жартылай өсімдіктердің өсіп-өнуінің жылу алмасу топырақ факторлары жатса, екіншісіне өсімдіктерді физикалық-химиялық факторлармен (физикалық және физикалық-химиялық ерекшеліктер, улағыш заттардың болуы және басқалар) қамтамасыз ету мүмкіндігін анықтаушы ерекшеліктер мен режимдердің күрделі өзара әрекеттерінің жиынтығы жатады.

Құнарлылық деңгейіне байланысты аса маңызды параметрлерге топырақ режимінің мынадай нақты көрсеткіштері мен тікелей сілтеушілері жатады: температуралық, су-ауалық, қоректік, физикалық-химиялық, биохимиялық, тұздылық және тотықтандыру-қалпына келтіру.

Құнарлылық режимінің параметрлері өз кезегінде климаттық жағдайға, топырақтың агрофизикалық ерекшеліктеріне, олардың механикалық, минералдық және химиялық құрамына, қоректік элементтердің әлеуетті қорына және олардың қозғалу

нысандарының болуына, мөлшеріне, қарашіріктің құрамы мен қорына, микробиологиялық процестердің өнімділігіне, реакцияға және басқа да физикалық-химиялық ерекшеліктерге байланысты.

Құнарлылық түрлері

Құнарлылықтың мынадай түрлері бар: жаратылыстық немесе табиғи; жасанды; тиімді немесе экономикалық; әлеуетті.

Жаратылыстық құнарлылық табиғаттың топырақ жасау процесінің дамуымен байланысты адам әлі бұзып үлгермеген топырақ ерекшеліктері мен режимдерінің күрделі өзара әрекетімен анықталады. Таза түрінде ол тың топырақтарға тән және топырақта өсіп-өнетін ценоздардың өнімділігімен сипатталады.

Жасанды құнарлылық адамның әсер етуінен туындаған, топырақтың ерекшеліктері мен режимдеріндегі сандық және сапалық өзгерістермен сипатталады.

Тиімді немесе экономикалық құнарлылық – бұл жасанды құнарлылық пен жаратылыстық құнарлықтардың бірігуі. Тиімді құнарлылық көп жағдайда өндірісте топырақты пайдалану жағдайына, тек табиғи құнарлылықтан ғана емес, ғылым мен техниканың және олардың жетістіктерін жүзеге асыру жағдайына да тәуелді. Ол әлеуметтік-экономикалық қатынастармен тығыз байланысты.

Әлеуетті құнарлылық өсімдіктердің қоректік элементтерінің жалпы қорымен, олардың қосындыларының нысандарымен және тиімді құнарлылықтың жоғары дәрежесін ұстап тұру және ұзақ уақыт бойы қоректік элементтермен өсімдіктерді қажетті мөлшерде қамтамасыз етумен, топырақтың қолайлы жағдайда өсімдіктерді басқа да топырақ факторларымен (сумен, ауамен, жылумен) қамтамасыз ететінін анықтайтын барлық басқа ерекшеліктердің күрделі өзара әрекетімен сипатталады.

Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру

Құнарлылықтың сапалық және сандық факторлары мен жағдайының өзгеруі себебі өзге күйге айналумен, шоғырланумен және зат ауысу процестерімен тығыз байланысты. Бұл өзгерістер құнарлылықтың қолайлы бағытта дамып және оның артуына әкелетін (қоректік элементтерді жинақтау, олардың өсімдіктер

үшін қолайлырақ нысанға ауысуы, құрылымының жақсаруы және т.б.) немесе құнарлылықтың төмендеуіне әкелетін (қоректік элементтердің шығыны, олардың жайсыз нысандарда бекітілуі, құрылымның бұзылуы және т.б.) қолайлы емес жағдайларда болуы мүмкін. Қандай да бір уақыт аралығында топырақ қасиеттерінің өзгеруі құнарлылықтың салыстырмалы бастапқы деңгейіне де әкелуі мүмкін.

Сондықтан, белгілі бір уақыт аралығында құнарлылықтың өзгеруі оны қалпына келтірудің толық емес, қарапайым және кеңейтілген түрлерінде болады.

Құнарлылықты бастапқы деңгейден төмен қалыптастыру топырақ құнарлылығын толық емес қалпына келтіруді білдіреді.

Топырақ құнарлылығын бастапқы деңгейге қайтару құнарлылықты қарапайым қалпына келтіруді білдіреді.

Бастапқы деңгейден жоғары көтеру топырақ құнарлылығын кеңейтілген түрде қалыпқа келтіруді көрсетеді.

Адамның саналы, мақсатты қызметіндегі мәдени топырақ өңдеу процесі топырақтың жақсаруына және құнарлылықтың артуына әкеледі. Бұл принциптің бұзылуы топырақ құнарлылығының жойылуына әкеліп соқтырады (эрозияның дамуы, сортандану процесі, қарашіріктің шығыны, топырақ құрылымның бұзылуы).

Сондықтан интенсивті егін шаруашылығы жағдайында топырақты тиімді қолдану міндеті – топырақ құнарлылығының кеңейтілген түрде қалпына келтірілуін қамтамасыз ету, яғни бір мезгілде тиімді және күшті құнарлығын арттыру.

2.1.2. Топырақ құнарлылығы қасиеттерінің көрсеткіштері мен сілтеуіштерін бағалау өлшемдері

Қазақстан жеріндегі топырақтың негізгі түрлері аймақтық-экологиялық топтарға және ылғалдандыру жағдайларына байланысты топталған.

Әр аймақтық-экологиялық топ өсімдіктер түрімен, топырақтың жоғарғы бетінен 20 см тереңдіктегі температуралар қосындысымен, сол тереңдіктегі (ай сайынғы) топырақтың кату ұзақтығымен және ылғалдану коэффициентімен сипатталады.

Аймақтық-экологиялық топтар ішінде топырақтардың биофизикалық-химиялық ерекшеліктері (қарашіріктің, қоректік заттардың құрамы, топырақтар реакциясы, сортандануы және т.б.) және ылғалдану жағдайы бойынша бөлінеді.

Топырақ құнарлылығының эталондық дәрежесін және жекелік коэффициентін анықтау үшін топтары мен градациялары кестелерде көрсетілген топырақ құнарлылығының келесі тұтыну көрсеткіштері мен көрсеткіштер мөлшері қолданылады:

- аймақтық-экологиялық топтар және топырақтарды ылғалдандыру жағдайы;
- 0-20 см, % топырақ қабатындағы қарашірік мөлшері;
- 0-20 см, мг/кг топырақ қабатындағы гидролизденуші азоттың топырақтағы мөлшері;
- 0-20 см, мг/кг топырақ қабатындағы фосфордың қозғалмалы мөлшері;
- 0-20 см, мг/кг топырақ қабатындағы калийдің қозғалмалы мөлшері;
- топырақтың қышқылдық және сілтілік деңгейі мен механикалық құрамы;
- сіңіру жиынтығының негіздерімен қанығу деңгейі % және топырақтың метрлік қабатындағы тұздардың орташа %;
- топырақтың шайылу және азу деңгейі;
- төселетін валунды-ұсақ жұмыр тасты шөгінділердің тереңдігі мен тастақтығы.

Топырақтардың аймақтық-экологиялық топтары және ылғалдану жағдайы бойынша бөлу 1-кестеде көрсетілген.

1. Аймақтық-экологиялық топтар және топырақты ылғалдандыру жағдайы

№	Топырақтардың аймақтық-экологиялық топтары	Шифр
1	Қоңыржай ылғалды орманды дала (сұр орманды, сілтісіздендірілген қара топырақтар, шалғынды-қара топырақты, шалғынды-сазды, шалғынды)	01
2	Қоңыржай қуаң дала (кәдімгі қара топырақтар)	02
3	Қуаң дала (оңтүстік қара топырақтар)	03
4	Қоңыржай құрғақ дала (қара қоңыр)	04
5	Солтүстік қуаң дала (сары топырақ)	05

1-кестенің соңы

6	Өте қуан дала (ашық қоңырлау)	06
7	Солтүстік шөл дала (сұрғылт)	07
8	Орталық және оңтүстік шөл дала (сұрлау қоңыр, тақырлы топырақ)	08
9	Тау етегі мен бөктеріндегі шөл-далалық белдеу	09
10	Аласа таулы далалық белдеу (таулы сұр топырақтар, таулы кара қоңыр, кәдімгі таулы кара топырақтар)	10
11	Орташа таулы, орманды-далалық және шалғынды-далалық белдеу (таулы кара топырақтар, сілтісіздендірілген, таулы қоңыр, таулы сұр ормандық, таулы кара түсті ормандық)	11
12	Биік таулы шалғындық, шалғынды-далалық белдеу (таулы шалғынды-альпілік, таулы-шалғынды субальпілік, биік таулы шалғынды-далалық)	12

Топырақты ылғалдандыру жағдайы (шифр)

1. *Автоморфты топырақтар* тегіс беткейлерде және баурайларда жер үсті суларының еркін ағуы, жер асты суларының тереңдікте болған жағдайында (6 м тереңдікте) қалыптасады – сұр орманды, кара топырақтар, кара топырақты сортаңдар, кара қоңыр сортаңдар, сұрғылт шөлейтті, шөлейтті сортаңдар, автоморфты сортаңдар, сұр және сұрғылт шөлді, тақырлы шөлді, сұр қоңыр, қоңыр сұр топырақтар.
2. *Жартылай гидроморфты топырақтар* жер үсті суларының қысқа мерзімде іркіліп қалуы кезінде немесе жер асты суларының 3-6 м тереңдікте болған жағдайында қалыптасады (капиллярлық жиегі өсімдіктердің тамырына жетуі мүмкін) – сұр ормандық, шалғынды-кара қоңыр, шалғынды-кара қоңыр сортаңдар, шалғынды, шалғынды-сұрғылт сортаңдар, шалғынды-шөлейтті, шалғынды-шөлді сортаңдар, тақырлар, шалғынды-сұр топырақты, шалғынды-сұр қоңыр, шалғынды-қоңыр топырақтар.
3. *Гидроморфты топырақтар* сулардың ұзақ уақыт топырақ бетінде іркіліп тұруы немесе жер асты суларының 3 метрден кем тереңдікте болған жағдайында қалыптасады (капиллярлық жиегі топырақтың бетіне жетуі мүмкін) – шалғынды-сазды, шалғынды, сортаңдар, кара топырақты шалғынды, гидроморфты сортаңдар, кара қоңыр шалғынды, шалғынды және шөлді топырақтар.

Топырақ қабатындағы карашірік мөлшері, гидролизденуші азот, қозғалмалы фосфор, қозғалмалы калий мөлшері – маңызды бағалау көрсеткіштері. Қара топырақтар карашірік мөлшері бойынша құнарлылығы >9%, орта карашірікті – 9-6%, шамалы карашірікті <4% болып бөлінеді.

Ашық қоңырлау сазды топырақта карашірік – 2-3%, азот – 0,15-0,20%, фосфор – 0,08-0,2%. Қоңырлау топырақтардағы қозғалмалы қоректік элементтердің мөлшері 100 гр топырақта 5-20 мг фосфор және 10-40 мг калий мөлшерінде ауытқиды.

Шөлейт топырақтардың құмды және құмайт түрлерінде карашіріктің жоғарғы белдеудегі мөлшері 1% шамасында, жеңіл саздыларда – 1-1,5% және саздыларда – 1,5-2,5%; 100 гр топырақтағы фосфордың қозғалмалы нысаны <10 мг, 100 гр топырақта калий мөлшері >20 мг.

Топырақты минералды қоректік заттармен қамтамасыз ету картограммаларын пайдалана отырып, топырақ құнарлылығының есебінен жиналатын өнімділікті анықтауға болады. Тиімді топырақ құнарлылығы ұғымына тыңайтқыштарды қолданбай, учаскелерде топырақты тыңайтудың аталған элементтері бойынша қамтамасыз етілетін өнім көлемі енеді.

$$T_{\text{нәт}} = \frac{K \cdot K_m \cdot K_k}{Ш_1},$$

мұндағы, K – топырақтағы қоректік элементтердің мөлшері, мг/100г;

K_m – есептелетін 1га топырақ қабатындағы мг/100г қоректік затты кг-ға ауыстыру үшін қолданылатын коэффициент;

K_k – топырақтағы қоректік затты пайдалану коэффициенті;

$Ш_1$ – 1ц қажетті негізгі және оған сәйкес жанама өнім мөлшеріне қажетті қоректік заттың шығыны, кг.

Топырақтың құнарлылығы үшін оның қышқылдығын және сілтілігін анықтаушы негізгі зат алмасу құрамының маңызы зор. Су немесе тұз сығындысы топырақ ерітіндісінің РН-на байла-

нысты топырақтар қышқылдығы немесе сілтілігінің білінуінің мынадай түрлері бар (2-кесте).

2. Топырақтардың қышқылдық және сілтілік деңгейлері

РН	Топырақтардың қышқылдық және сілтілік деңгейлері	Топырақтар
< 4,5	Өте қышқылды	Батпақты, батпақты күлгін, күлгін
4,6-5,0	Қышқылды	Күлгін, шымды күлгін
5,1-5,5	Шамалы қышқылды	Алдындағыдай
5,6-6,0	Нейтралға жақын	Мәденилендірілген шымды күлгін сұр ормандық
6,1-7,1	Нейтралды	Сұр ормандық, кара топырақтар
7,2-7,5	Шамалы сілтілі	Оңтүстіктік кара топырақтар, қоңырлау, сортаңдық белгілері бар сұр топырақтар
7,6-8,5	Сілтілі	Сортаңдар, сорлар
>8,5	Өте сілтілі	Содалы сортаңдар, сорлар

*Ескерту: Қышқылды топырақтарға – I НКСL сығындылары, сілтіліктерге – сулы.

Топырақтың механикалық құрамы оның жасалуы мен ауыл шаруашылығында пайдаланылуына үлкен әсер етеді. Топырақтағы органикалық және минералдық қосындылардың басқа күйге айналуымен, орын алмастыруымен және жинақталуымен байланысты. Көптеген топырақ жасаушы процестердің интенсивтілігі айтарлықтай дәрежеде топырақ пен топырақ жасаушы жыныстардың механикалық құрамына байланысты.

Топырақтың механикалық құрамы сулы-физикалық, физикалық-механикалық, ауалық, жылулық ерекшеліктеріне, қышқылдану-қалпына келтіру жағдайларына, сіңіру қасиетіне, топырақта қарашіріктің, күл элементтерінің және азоттың жинақталуына елеулі әсерін тигізеді.

Физикалық құм мен физикалық саздың арақатынасы топырақты механикалық құрамы бойынша жіктеуге негіз етіп алынған.

3. Топырақтың механикалық құрамы бойынша жіктелімі

Топырақтағы бөлшектер мөлшері, %		Механикалық құрамы бойынша топырақтың атауы	Топырақтың механикалық құрамын анықтаудың практикалық амалы
Саз балшықты 0,01 мм ұсақ	Құмды 0,01 мм ірі		
> 85	< 15	Ауыр саз балшықты	Ұзын жіңішке бау (3-4 мм) тәріздес, алақанда шиыршықтағанда сегіздік пішініне жеңіл айналдыруға келетін дымқыл топырақ
85-75	15-25	Саз балшықты	
75-60	25-40	Жеңіл саз балшықты	
60-45	40-55	Ауыр саз балшықты	Жіңішке бау дөңгелек пішінге оңай келтіріледі, бірақ сегіздікті шиыршықтағанда жарылып, бау үзіледі
45-30	55-70	Орташа саз балшықты	Ұзын бау жасалмайды, балшықты, дөңгелек пішінге шиыршықтағанда ұнтақталып үзіледі
30-20	70-80	Жеңіл саз балшықты	
20-10	80-90	Құмайт топырақты	Құмайт бау шиыршықталмайды, бірақ саусақпен ақырын басқанда шар жасауға болады
10-5	90-95	Құмды	Кішкене шар жасалмайды, уқалағанда алақанда дымқыл топырақтың ізі қалады
< 5	> 95	Борпылдақ құмды	Дымқыл топырақты алақанда уқалағанда балшықтың ізі қалмайды

Топырақтарда болып жатқан сіңіру процестері сорбция тектес әр түрлі құбылыстарды ғана емес, топырақ бөліктеріндегі тікелей сорбцияға қатысты емес құбылыстарды да біріктіреді.

Топырақтың сіңіру қабілеттілігі дегеніміз – ерітінді түрінде болатын қосындылар мен олардың бөлшектерін, минералдық және органикалық заттардың коллоидті шашыратылған бөлшектерін, тірі микроорганизмдер мен қатқыл суспензияларды топырақтың ұстап тұруы.

Сіңіру процесіне қатысушы топырақ компоненттерінің жиынтығы топырақтың сіңіру кешені деп аталады (ТСК).

ТСК құрамында сутегі және алюминий иондарының болуына байланысты негіздермен қаныққан ($H^+ Al^{3+}$ болмайды) және негіздермен қанықпаған топырақ түрлері болады.

H^+ және Al^{3+} иондарының бір бөлігі топырақ ерітіндісіне өте келе айтарлықтай қышқылдық туғызуы мүмкін. Өсімдіктердің қоректенуіне қажетті Ca^{2+} және катиондардың ТСК құрамында басым болуы олардың қоректенуіне қолайлы жағдай туғызады.

Сіңіру кешенін негіздермен қанықтыру деңгейі, %: күлдендірілген қара топырақ, ауыр сазды – 85-92; типті саз балшықты қара топырақ – 92-99; кәдімгі қара топырақ, саз балшықты – 94-97; ашық қоңырлау сазды топырақтар – 85-97.

Су мен жел әсерінен болатын топырақтың бүліну процесі (эрозия) топырақ құнарлылығының нашарлауымен немесе олардың толықтай жойылуымен байланысты. Даму қарқыны бойынша геологиялық (нормалық) және жеделдік эрозияға бөлінеді. Жеделдік эрозия қарқыны табиғи өсімдіктерді жоюмен, топырақты дұрыс қолданбаумен байланысты, соның нәтижесінде эрозия қарқыны артады.

Жеделдік эрозияның қарқыны мына градациялар бойынша бағалануы мүмкін (4-кесте).

4. Жеделдік эрозияның қарқыны

Үстінгі қабаттағы эрозия	Жылдық орташа шайып кету, т/га	Желілік эрозия	Жылдық орташа жыралардың кенегі, м
Өте аз мөлшерде шайып кету	0,5-ке дейін	Шамалы қарқынды	< 0,5
Шамалы шайып кету	0,5-1,0	Орташа қарқынды	0,5-1,0
Орташа шайып кету	1,0 - 5	Күшті қарқынды	1-2
Күшті шайып кету	5-10	Өте күшті қарқынды	2-5
Өте күшті шайып кету	>10	Төтенше күшті қарқынды	>5

Желілік эрозия – еңістеп ағатын күшті су ағысының тереңдікті бойлай топырақты шаюы. Желілік эрозияның бастапқы сатысы – терең ағын әсерінен болған шайып кетулердің (20-35 см дейін) және су қазындыларының (0,3-0,5-тен 1-1,5 м дейін) пайда болуы.

Олардың ары қарай дамуынан жыралар пайда болады. Желілік эрозия топырақты толықтай жоюға әкеледі. Жыралық эрозияның даму деңгейі жыралар аумағының пайызына немесе аумақтың шаршы километріне келетін жыралардың жиынтық ұзындығына байланысты болады (5-кесте).

5. Жыралық эрозияның даму деңгейі

Жыралық эрозияның жүйелі сілтеуіші	Шаршы километрге келетін жыралардың жиынтық ұзындығы	Жыралық эрозияның жүйелі сілтеуіші	Аумақтың шаршы километріне келетін жыралардың жиынтық ұзындығы
Шамалы	< 0,25	Орташа	0,25-0,50
Күшті	0,50-0,75	Өте күшті	> 0,75

Су эрозиясы жоғарғы қабаттағы су ағындары әсерінен дамиды. Оның дамуында рельефтің жағдайы маңызды орын алады: жергілікті эрозия базисінің тереңдігі, еңістердің тіктігі, ұзындығы, нысаны және экспозициясы. Эрозияның дамуына еңістің тіктігі мен ұзындығының тигізетін әсерін бағалауда жауын-шашын режимін, өсімдіктердің жайын, топырақтардың ерекшеліктерін есептеу қажет (6-кесте).

6. 5,5-7° бұрышында топырақтың шайылуы, т/га/т-н

Дақылдар	Топырақтың шайылуы, т/га/т	Дақылдар	Топырақтың шайылуы, т/га/т
Көп жылдық шөптердің 2 жылындағы көрсеткіші	4,1	Күздік бидай	8,0
Еңіске кесе-көлденең себілген жүгері	15,7	Ерте пар (ауыспалы егіс танабы)	49,9

Дефляция шанды (қара) дауыл және жергілікті (күнделікті) жел эрозиясы түрінде болады. Жел топырақтың жоғарғы қабатын бұза отырып, топырақтың бөлшектерін ауамен эрозия ошағынан әр түрлі қашықтықтағы өсімдіктер өспейтін топырақтарға әкеледі. Дефляцияның дамуы желдің күшіне, топырақтың механикалық құрамына және құрылымына байланысты (7-кесте).

7. Топырақ бөлшектерінің қозғалыс нысандары және желдің дефляциялық қатерлі жылдамдықтары

Топырақ бөлшектерінің қозғалыс нысандарының жүйелі сілтеуіші	Бөлшектердің диаметрі, мм	Топырақтың механикалық құрамы	Желдің дефляциялық қатерлі жылдамдықтары, м/с
Жел мен ауадағы тозаң ретінде	< 0,1	Женіл	6
Секірмелі түрде	0,1-0,5	Орташа	8
Беткей бойы сырғу түрінде	0,5-3,0	Ауыр	10

*Ескерту: Егер ауыр топырақтың құрылымы 1 мм артық түйірлерден тұратын жоғарғы қабаттағыдай болса, ол дефляцияға жатпайды.

Жерге қожалық етудің бөлшектену сипаттамасы рельеф түрінің үш көрсеткішімен және еңістіктер мөлшерінің үш көрсеткішімен байланысты (8-кесте). Оның келесі градациясы бар: 0,5; 0,6-1,0; 1,1-3,0; 3,0-5,0; >5,0 дейін.

8. Жер иелігін бөлу сипаттамасы

Рельеф сипаттамасы	Рельеф түрлері	Еңістердің жүйелі сілтеуіші	Еңістердің көлемі
Қалыпты: жазық, шамалы ойлы-қырлы жер	I	кіші еңістер	0,002-ге дейін
Орташа ойлы-қырлы – адырлы, терең емес, жазық еңістерде ой-қырлары бар жер	II	орташа еңістер	0,002– 0,01
Ойлы-қырлы – тік адырлы, сайлар мен жыралары ойлы-қырлы, суағар шұңқырлары бар жер	III	үлкен еңістер	> 0,01

Жерге қожалық етуді бөлу:

- | | |
|------------------------------|---------------------------------------|
| 0,5-ке дейін рельеф түрі – I | еңістік көлемі – 0,002-ге дейін |
| 0,6-1 рельеф түрі – II | еңістік көлемі – 0,002-0,0055 |
| 1,1-3 рельеф түрі – II | еңістік көлемі – 0,0055-0,01-ге дейін |
| 3-5 рельеф түрі – III | еңістік көлемі – 0,01-0,05 |
| > 5 рельеф түрі – III | еңістік көлемі > 0,05 |

Сортаңданған топырақтардың құрамында ауыл шаруашылығы өсімдіктерін улайтын көп мөлшердегі тез еритін тұздар бар. Сортаңдану деңгейі су сығындысындағы түрлік құрамын есепке алғандағы тұздардың жалпы мөлшері бойынша белгіленеді (9-кесте).

Сонымен бірге тұзды қабаттардың жинақталатын тереңдігін есептеу маңызды. Егер суда еритін тұздар 0-30 см шегінде жатса, ол топырақ сортаңдылығы жоғары немесе сортаңдыларға жатады; 30-80 см – сортаңдыларға; 80-150 см – сортаңдылығы тереңдерге, 150 см тереңдікте – сортаңсыз топырақтарға жатады.

9. Топырақтардың сортаңдану деңгейі

Топырақтың сортаңдануы	Сортаңдану түрлері, тығыздық қалдығы, %							
	Хлоридті-содалы	Сульфатты-содалы	Содалы-хлоридті	Содалы-сульфатты	Сульфатты-хлоридті	Хлоридті-сульфатты	Хлоридті	Сульфатты
Тәжірибе жүзінде сортаңсыз немесе шамалы сортаңды	< 0,15	< 0,15	< 0,15	< 0,15	< 0,2	< 0,25	< 0,15	< 0,3
Шамалы сортаңды	0,15-0,25	0,15-0,3	0,15-0,25	0,15-0,25	0,2-0,3	0,25-0,4	0,15-0,3	0,3-0,6
Орташа сортаңды	0,25-0,4	0,3-0,5	0,25-0,4	0,3-0,5	0,3-0,6	0,4-0,7	0,3-0,5	0,6-1,0
Өте сортаңды	0,4-0,6	0,5-0,7	0,4-0,6	0,5-0,7	0,6-1,0	0,7-1,2	0,5-0,8	1-2
Сортаңдар	> 0,6	> 0,7	> 0,6	> 0,7	> 1	> 1,2	> 0,8	> 2

Топырақ тастылығының түрі бойынша валунды (үлкен домалақ тасты), ұсақ жұмыр тасты және ұсақталған тасты болады. Ұсақ тасты топырақ таулы және тау бөктерінде орналасқан аудандарда кездеседі.

Топырақтар мен топырақ жасаушы жыныстардың қатты кезеңі механикалық элементтер деп аталатын әр түрлі көлемдегі бөлшектерден тұрады. Келесі элементтерді бөліп көрсетуге болады (10-кесте).

10. Фракция өлшемдері бойынша бөлшектердің топтамасы

Фракциялар	Фракция өлшемі, мм	Фракциялар	Фракция өлшемі, мм
Тастар	> 3	Шаң-тозаң: ірі	0,05-0,01
Қиыршық	3-1	орташа	0,01-0,005
Құм:		ұсақ	0,005-0,001
ірі	1-0,5	Балдыр: жуан	0,001-0,0005
орташа	0,5-0,25	жіңішке	0,0005-0,0001
ұсақ	0,25-0,05	Коллоидтер	< 0,0001
		Физикалық саз балшық	< 0,01
		Физикалық құм	> 0,01

2.1.3. Топырақ құнарлылығы көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын және сілтеуіштер құндылығын бағалау

Топырақ құнарлылығы көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын және сілтеуіштер құндылығын бағалауда арнайы ұйымдастырылған зерттеулерге сүйенген нормативтік бағалаудың шкаласы қолданылады. Жаздық бидай өнімділігіне сортаңдау топырақтың тигізер әсерін анықтау бойынша Қарағанды облысында жүргізілген зерттеулер сілтеуіштің құндылық бағасы ретінде өнімділіктің 4,0-2,0-ден 12,8-8,2ц/га дейін өзгертетінін көрсетті.

Түрі мен сортаңдықтың сілтеуіші

Өнімділік, ц/га

- | | |
|--|----------|
| 1. Қара қоңыр, сортаңсыз, қуаты аз | 12,8-8,2 |
| 2. Қара қоңыр, шамалы сортаңды, қуаты аз | 11,0-7,6 |
| 3. Қара қоңыр, орташа сортаңды, қуаты аз | 6,4-5,4 |
| 4. Қара қоңыр, өте сортаңды, қуаты аз | 5,0-3,1 |
| 5. Қара қоңыр сортаң | 4,0-2,0 |

Топырақтар сілтеуіштерінің, механикалық құрамының және дақылдар атауының ұштастығына байланысты топырақ өнімділігі (оңтүстік қара топырақтар) үш рет өзгереді (11-кесте).

11. Өнімділіктің салыстырмалы көрсеткіші

Дақылдар атауы	Топырақтардың механикалық құрамы			
	ауыр сазды	орташа сазды	жеңіл сазды	құмайт
Күздік бидай	1,00	0,83	0,65	0,32
Жүгері	1,00	0,5	0,40	0,30
Күнбағыс	1,00	0,75	0,60	0,38

Өнімділік мөлшері топырақты қоректік заттармен қамтамасыз етумен байланысты. Мысалы, жаздық бидайдан 1 ц астық өндіру үшін 3,4 кг азот, 0,85 кг фосфор және 0,75 кг калий жұмсалады; 1 ц сабанға сәйкесінше – 0,67; 0,3 және 1 кг. Топырақты минералдық қоректік элементтермен қамтамасыз ету картограммаларын пайдалана отырып, топырақтың тиімді құнарлылығы есебінен өндірілетін өнімділікті анықтауға болады. Мысалы, 100 г топырақта 12 мг тез еритін азот болғанда және оның 30%-ын өсімдіктер өсіп-өнуіне жұмсалғанда жаздық бидайдың өнімділігі 25,3 ц/га құрайды. Тұтынушылық бағалауларды жалпылау бірыңғай бағалау шкалаларын құруға мүмкіндік береді. Іргелі сипаттамаларды бағалаудың бірыңғай шкаласы бөлек бағалау коэффициенттерін қолдануға негізделген (12-кесте).

12. Топырақтың шайылуын және сортаңдығын бағалау коэффициенттері

Топырақ	Шайылмаған	Шамалы шайылған	Орташа шайылған	Күшті шайылған	Сортаңсыз	Шамалы сортаңды	Орташа сортаңды	Өте сортаңды
Қоңырлау	1,00	0,80	0,62	0,42	1,00	0,82	0,68	0,52
Кәдімгі оңтүстіктің қара топырағы	1,00	0,82	0,67	0,45	1,00	0,85	0,70	0,55
Сілтісіздендірілген қара топырақ	1,00	0,85	0,7	0,48	1,00	0,87	0,72	0,57

Топырақтың көптеген ерекшеліктерінің оңтайлы көрсеткіштері оның басты ерекшеліктерінің параметрлері – механикалық құрамы, қарашірік мөлшері, аймақтық экологиялық топтар мен топырақ және оның режимінің тәжірибе жүзінде барлық агрономиялық маңызды ерекшеліктеріне ықпал етуші топырақты ылғалдандыру жағдайы қаншалықты үйлесімде екендігіне айтарлықтай дәрежеде байланысты.

Өсімдіктердің өнімділігін анықтаушы барлық факторларға бір мезгілде әсер ету принципін жүзеге асыру әр түрлі аймақтарда топырақ құнарлылығын арттыру жолдарын саралауды талап етеді. Сондықтан топырақтық-агрономиялық зерттеулердің матери-

алдары маңызды мәнге ие: топырақ карталары; өсімдіктерге қолайлы коректік элементтер – фосфор, калий, азот көрсетілген картограмма; топырақтардың қышқылдығының, сортандығының, эрозиялануының, батпақтанғандығының картограммалары.

Өсімдіктердің қандай да бір тіршілік факторына басқаларды өзгертпей бір жақты әсер етуі, сол әсерден болған нәтижені біртіндеп төмендетуге, кей жағдайда өнімділікті төмендетуге әкелуі мүмкін.

Сілтеуіштер құндылығы мен көрсеткіштердің экономикалық маңыздылығын тұтынушылық бағалау Қазақстанның суарылатын жерлерінде топырақтың құнарлылық қабаты 40-50%-ға, қара топырақтарда – 22-25%-ға, қоңырлау және сұр топырақтарда – 30%-ға төмендегенін көрсетеді.

Топырақтағы қарашірік мөлшері де төмендеуде. Зерттеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылығы аумақтарының басым көпшілігі, барлық жерлердің 61%-ымен және қарашіріктің төменгі мөлшерімен ерекшеленеді. Аумақтың 35,5%-ы қарашіріктің орташа, тек қана 3,5%-ы жоғары көрсеткіштеріне ие.

Ең төменгі құнарлылық қабаты Қызылорда, Павлодар, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында. Бірақ бұл проблема бүкіл Қазақстан үшін ғалами сипатта: қарашірік қабаты барлық топырақтарда таусылу шегінде. Топырақтың азуы салдарының нәтижесі шөлге айналу – әлемдік масштабты құбылыс. Бұл ахуал Қазақстанда өте анық сезіледі. Қазақстан Республикасы аумағының үштен бірі шөлге айналуға бейім. Фермерлердің жерлерді ұтымсыз пайдалануы бұл процесті жеделдетеді.

Ондаған миллион гектар егістік және жайылымдық жерлер эрозияға шалдыққан және сауықтыруды қажет етеді.

Кейінгі он жылда 10 млн гектар жыртылған жер ауыл шаруашылығы айналымынан алынды. Бұл жерлерді мелиорациялаусыз, табиғи жолмен қалпына келтіру 20-30 жылдан астам уақытты қажет етеді.

Біздің еліміздегі жағдайға БҰҰ назар аударды. БҰҰ-ның үш конвенциясы қабылданып, осы ұйымның арнайы бағдарламасы аясында пайдаланылатын біздің жерлерді зерттеу және қуаң аумақтар мен су ресурстарын басқару жөнінен жұмыстар бірте-бірте жөнге салынуда.

Ең күрделі жағдай Каспий маңындағы мұнай шығару аймағында қалыптасуда. Мұнда 1,5 млн техногенді аймақ, 1,9 млн азған жайылымдар, мұнай өнімдерімен ластанған 0,6 млн топырақ және радиоактивті ластанған 0,3 млн жерлерді қосқанда 4,3 млн пайдалануға жарамсыз жерлер бар. Бұған бұрынғы Семей полигоны аумағында радиациямен ластанған ауыл шаруашылығында пайдаланылатын 0,5 млн гектар жерлерді қосамыз.

Апатты жағдай Арал маңы аумағында да қалыптасты. Кейінгі он жылда Арал теңізінің деңгейі 18 м төмендеді. Аралдың құрғап қалған және шөлге айналған бөлігі 3,5 млн гектарды құрайды, олардың ішінде 2 млн жуығы дәл қазақстандық секторда орналасқан. Арал маңының топырақтары мен жер асты сулары сортанды және ауыр металдардың тұздарымен ластанған.

Қазақстандағы барлық суарылатын жерлердің жартысы ауыл шаруашылығы айналымында пайдаланылмайды. Соның нәтижесінде мұнда тұз басу, сортандану және ирригациялық эрозия процестері белсенді дамып отыр. Ең көп жерлерін жоғалтқандар Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Павлодар облыстары болды.

Проблеманы шешу үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінде азып жатқан жерлерді сақтап қалу және қалпына келтіру мақсатында арнайы мелиорациялық қызметтер құрылды.

Жел, құрғақшылық, ашық кеңістік, эрозияға қарсы әлсіз тұрақтылық – бұл Қазақстанның табиғи жағдайы. Тек қана Солтүстік Қазақстанның өзінде эрозияға бейім жерлердің көлемі 20 млн гектар.

Аумақтың агроэкологиялық әлеуетін есепке алмау топырақ құнарлылығының түбегейлі түрде төмендеуіне әкелді. Қара топырақтар мен қара қоңыр топырақтардан топырақ құнарлылығының басты көрсеткіші – қарашіріктің табиғи мөлшерінің 25-30%-ы жойылды.

Жойылған әлеуетті қалпына келтіру мүмкін емес. Ол үшін «Жерлерді қорғау туралы» заң қабылдау қажет. Табиғаттың сұлулығы мен игілігі, биологиялық әр түрлілігі, жер асты және жер үсті суларының тазалығы, ылғалданған және жайылған сулармен байланысты. Маргиналды, интенсивті технологиялар әсерінен азған, эрозияға бейім жерлер ауыл шаруашылығы айналымынан

алынып, 10 жылдық оңалту курсынан өтуі тиіс (АҚШ-та жолға қойылған табиғатты қорғау резервінің бағдарламасы бойынша). Азған жерлерді қалпына келтіру үшін ғылым мен қалпына келтіру жөніндегі өндірістің жетістіктерін ұштастыру қажет. Топырақтың құнарлылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін сақтау және арттыру үшін жаңартпашылдық технологиялар, табиғат шаруашылығы әлеуетін қалпына келтіруді және реттеуді бағалау механизмі қажет.

2.1.4. Жер иелігіндегі жеке жер телімінің топырақ құнарлылығының эталондық дәрежелерін және жеке коэффициенттерін анықтау

Бағалаудың объектісі ретінде жер иелігіндегі белгілі бір жер телімі өлшемдерінің нақты көрсеткіштері мен ерекшеліктердің тікелей сілтеуіштерінің жиынтығымен сипатталады.

Жер иелігіндегі белгілі бір жер телімінің топырақ құнарлылығының эталондық дәрежелерін және жеке коэффициенттерін анықтау үшін мыналар қажет:

1. Жер иелігіндегі белгілі бір жер телімін сипаттаушы өлшемдердің нақты көрсеткіштері мен ерекшеліктердің тікелей сілтеуіштерін анықтау.

2. Өлшемдік және типологиялық шкалалар бойынша өлшемдердің нақты көрсеткіштері мен ерекшеліктердің тікелей сілтеуіштерін түрлендіру өлшеміне немесе жалпылық өлшеміне жатқызып, олардың маңыздылығын тұтынушылық бағалауды (Мтб) немесе құндылығын тұтынушылық бағалауды (Қтб) анықтау.

3. Бағалау нормативтерінің көбейтіндісін (Мтб) және (Қтб) – $B_{нк_1}$ айырмасын анықтау.

Мұндағы $B_{нк_1}$ – топырақтың жеке дәрежесінің құнарлылығын бағалау

$$B_{нк_1} = K_{ТБ11} \cdot M_{ТБ12} \cdot M_{ТБ13} \cdot M_{ТБ14} \cdot K_{ТБ15} \cdot M_{ТБ16} \cdot K_{ТБ17} \cdot M_{ТБ18} \cdot K_{ТБ19}$$

4. 16-кестедегі «Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласында» бағалау нормативтерінің көбейтіндісі бойынша эталондық дәреже 17-кестеде берілген «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі

бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы» бойынша дәреженің жеке бағалау коэффициенті анықталады.

Мысалы, жер иелігіндегі №3 жер телімі өлшемдердің келесі аталған нақты көрсеткіштері мен ерекшеліктердің тікелей сілтеуіштерімен сипатталады:

- аймақтық экологиялық топырақтар тобы – қоңыржай қуаң дала (кәдімгі қара топырақтар), топырақты ылғалдандыру жағдайы – автоморфты топырақтар;
- 0-20 см топырақ қабатындағы қарашірік мөлшері – 7,7;
- 0-20 см мг/кг топырақ қабатындағы гидролизденуші азоттың мөлшері – 74;
- 0-20 см мг/кг топырақ қабатындағы фосфордың жылжымалы мөлшері – 19;
- 0-20 см мг/кг топырақ қабатындағы калийдің жылжымалы мөлшері – 510;
- топырақтың қышқылдық немесе сілтілік деңгейі – нейтралды, топырақтың механикалық құрамы – орташа сазды;
- негіздерді сіңіру жиынының қанығу деңгейі – 115% және метрлік қабаттағы тұздардың пайызы – 0,3;
- шайылу деңгейі жоқ, топырақтың азуы – шамалы;
- топырақтың бөлшектенуі және сортаңдануы – 0,3, жалпы қосындыдан сіңіруші натрий пайыз мөлшерінде – 4;
- ұсақ тастар жоқ, үлкен домалақ және ұсақ жұмыр тасты төсегіш шөгінділердің тереңдігі – 1,8.

Нақты көрсеткіштер мен тікелей сілтеуіштерді тиісті түрлендіру өлшемдері мен жалпылық өлшемдеріне жатқыза отырып, өлшемдік және типологиялық шкалалар бойынша олардың экономикалық маңыздылығын, құндылығын тұтынушылық бағалауды анықтап, бағалау нормативтерінің – $B_{нк_1}$ көбейтіндісін табамыз.

$$B_{нк_1} = 1,64 \cdot 2,67 \cdot 4,25 \cdot 0,98 \cdot 0,95 \cdot 1,00 \cdot 0,90 \cdot 0,80 \cdot 0,95 \cdot 1,00 = 11,85.$$

Бұл мәнге «Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласы» (16-кесте) бойынша $D_{эт_1} = 27$ эталондық дәрежесі сәйкес келеді. «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы» (17-кесте) бойынша дәреженің жеке бағалау коэффициенті $J_{к_1}^6 = 1,34$.

2.1.5. Жер иелігіндегі және шаруа қожалығындағы жерлердің құнарлылығының эталондық дәрежелерін және жеке бағалау коэффициенттерін анықтау

Жер иелігіндегі шаруа қожалығы жерлерінің құнарлылығының жеке есеп айырысу коэффициенті мына формуламен 13-кестенің мәліметтері бойынша анықталады:

$$Ж^{ж}_{ек1} = \frac{Ж^{в}_{к11} \cdot F_1 + Ж^{в}_{к12} \cdot F_2 + \dots + Ж^{в}_{к1n} \cdot Ж^{в}_{к1n} \cdot F_n}{F_1 + F_2 + \dots + F_n},$$

мұндағы $Ж^{в}_{к11}$, $Ж^{в}_{к12}$, $Ж^{в}_{к1n}$ – жер иелігіндегі шаруа қожалығының 1, 2, ..., n-мөлшерлі жер телімінің құнарлылығының жеке бағалау коэффициенттері;

F_1, F_2, \dots, F_n – жер иелігіндегі 1, 2, ..., n-мөлшерлі жер телімінің гектармен санағандағы көлемі.

«Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласының» (16-кесте) жеке есеп айырысу коэффициенті ($Ж^{в}_{кр1}$) бойынша жер иелігінің эталондық дәрежесін табамыз және «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы» (17-кесте) бойынша оған сәйкес келетін жер иелігіндегі топырақ құнарлылығының жеке бағалау ($Ж^{в}_{к1}$) коэффициентін анықтаймыз.

13. Жер иелігіндегі топырақ құнарлылығын бағалау

Егістік		Егістіктің эталондық дәрежесі $D_{н1}$	Эталондық дәреженің жеке бағалау коэффициенті $Ж^{в}_{к1н}$	F. $Ж^{в}_{к1н}$ көбейтіндісі
Нөмірі	Көлемі $F_{н1}$			
1	294	20	0,677	199,04
2	155	22	0,823	127,56
3	288	25	1,110	316,80
4	278	21	0,746	207,39
5	285	23	0,907	258,50
Жер иелігі бойынша	1300	22	0,853	1109,29

2.1.6. Мемлекет жерінің құнарлылығының эталондық дәрежелері мен жеке бағалау коэффициенттерін анықтау

Мемлекеттің, мемлекеттер одағының ауыл шаруашылығы аумақтарындағы топырақ құнарлылығының жеке есеп айырысу коэффициенті ($Ж^{в}_{кт1}$) 14-кестенің мәліметтері бойынша мына формулаға сүйеніп анықталады:

$$Ж^{ж}_{екТ1} = \frac{Ж^{в}_{бк11} \cdot F_1 + Ж^{в}_{бк12} \cdot F_2 + \dots + Ж^{в}_{бк1n} \cdot Ж^{в}_{бк1n} \cdot F_n}{F_1 + F_2 + \dots + F_n},$$

мұндағы $Ж^{в}_{бк11}$, $Ж^{в}_{бк12}$, $Ж^{в}_{бк1n}$ – мемлекеттің, мемлекеттер одағының 1, 2, ..., n-ауыл шаруашылығы аумақтарындағы жерінің жеке бағалау коэффициенттері;

$F_1 + F_2 + \dots + F_n$ – ауыл шаруашылығы аумағының гектар көлемі.

18-кестедегі жеке есеп айырысу коэффициенті бойынша ауыл шаруашылығы аумағының эталондық дәрежесін табамыз және 17-кесте бойынша оған сәйкес келетін мемлекеттің ауыл шаруашылығы аумағындағы топырағының жеке бағалау коэффициентін анықтаймыз ($Ж^{в}_{кт1}$).

14. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы аумақтарындағы топырағының құнарлылығын бағалау

Ауыл шаруашылығының аумағы		Жер иелігінің эталондық дәрежесі ($D_{н1}$)	Жер иелігіндегі топырақтар құнарлылығының жеке бағалау коэффициенті ($Ж^{в}_{к1н}$)	F. $Ж^{в}_{к1н}$ көбейтіндісі
Нөмірі	Көлемі, га (F)			
1	18496,7	16	0,458	8471,49
2	2909,8	24	1,00	2909,80
3	4605,7	22	0,823	3790,49
4	7235,0	17	0,505	3653,68
5	6083,8	21	0,746	4538,51
6	14675,6	18	0,557	8174,31
7	7397,7	20	0,677	5908,24
8	12830,0	26	1,22	15652,60
9	6044,0	23	0,907	5481,91
Ауыл шаруашылығының аумағы бойынша	80278,3	21	0,718	57681,03

15. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұдайы өндірудің, топырақ құнарлылығын қалпына келтірудің негізгі сипаттамаларының негізгі факторының жүйелі сілтеуіштері мен сәйкестендірілген көрсеткіштерін нәтижелі-артықшылықты бағалау шкаласы

Негізгі фактордың жүйелі сілтеуіштері және сәйкестендірілген көрсеткіштері	Көрсеткіштер мен сілтеуіштер шифры	1,2,...n-негізгі фактордың (1,2,...n-20 жүйелі сілтеуіштің) (1,2,...n-сәйкестендірілген көрсеткіштің, ауыл шаруашылығы өнімін ұдайы өндіру, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жағдайына байланысты жалпылық өлшемі немесе түрлену өлшемі және оларға сәйкес келетін нәтижелі-артықшылықты бағалау коэффициенттері					
		3	4	5	6	7	8
I.0. Аймақтық экологиялық топтар және топырақты ылғалдандыру жағдайы	С10	011	012	013	021	022	023
	В10	1,81	1,73	1,45	1,64	1,56	1,31
	С10	031	032	033	041	042	0,43
	В10	1,45	1,38	1,16	1,27	1,20	1,02
	С10	051	052	053	061	062	063
	В10	1,09	1,04	0,87	0,84	0,80	0,67
	С10	071	072	073	081	082	083
	В10	0,51	0,49	0,49	0,69	0,65	0,54
	С10	091	092	093	101	102	103
	В10	1,47	1,40	1,29	2,11	2,00	1,71
I.1. 0-20 см топырақ қабатындағы қарашірік мөлшері, %	К11	<1,5	1,5-2,5	2,5-3,5	3,5-4,5	4,5-5,5	5,5-6,5
	В11	0,33	0,67	1,00	1,33	1,67	2,00
	К11	6,5-7,5	7,5-8,5	8,5-9,5	9,5-10,5	10,5-11,05	>11,5
	В11	2,33	2,67	3,00	3,33	3,67	4,00
I.2. Гидролизденуші азот мөлшері, мг/кг топырақта	К12	<13	13-16	16-20	20-24	24-30	30-36
	В12	0,60	0,89	1,08	1,32	1,62	1,98
	К12	36-44	44-50	50-56	56-62	62-68	>68
	В12	2,40	2,81	3,17	3,53	3,89	4,25
I.3. 0-20 см топырақ қабатындағы жылжымалы фосфор мөлшері, мг/кг топырақта	К13	<13	13-16	16-20	20-24	24-30	30-36
	В13	0,54	0,79	0,98	1,20	1,47	1,79
	К13	36-44	44-50	50-56	56-62	62-68	>68
	В13	2,17	2,55	3,10	3,42	3,64	3,86
I.4. 0-20 см топырақ қабатындағы жылжымалы калий мөлшері, мг/кг топырақта	К14	<125	125-175	175-225	225-275	275-325	325-375
	В14	0,19	0,28	0,38	0,47	0,57	0,66
	К14	375-425	425-475	475-525	525-575	575-625	>625
	В14	0,76	0,85	0,95	1,04	1,14	1,23

15-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
I.5. Қышқылды немесе сілтілік деңгейі (күш.-күшті, ор. – орташа, әл. – әлсіз, нн. – нейтралды және топырақтың механикалық құрамы (ау. – ауыр саз балшықты, ор. – орташа саз балшықты, жең.-жеңіл саз балшықты)	С15	СН,ТГ	СН,СГ	СН,ЛГ	СН,ТС	СН,СС	СН,ЛС
	В15	0,30	0,40	0,49	0,59	0,61	0,55
	С15	СН,СП	СН,ПС	СР,ТГ	СР,СГ	СР,ЛГ	СР,ТС
	В15	0,49	0,12	0,39	0,52	0,62	0,80
	С15	СР,СС	СР,ЛГ	СР,СП	СР,ПС	СЛ,ТГ	СЛ,СГ
	В15	0,52	0,43	0,62	0,16	0,46	0,60
	С15	СЛ,ЛГ	СЛ,ТС	СЛ,СС	СЛ,ЛС	СЛ,СП	СЛ,ПС
	В15	0,74	0,88	0,93	0,84	0,74	0,19
	С15	НН,ТГ	НН,СГ	НН,ЛГ	НН,ТС	НН,СС	НН,ЛС
	В15	0,50	0,65	0,80	0,95	1,00	0,90
I.6. Сіңіру жнитығының негіздермен қанығу деңгейі, % және метрлік қабаттағы тұздардың орташа пайызы	К16	>100	>100	>100	>100	>100	>100
	В16	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3	0,3-0,5	0,5-1,0	1-2
	К16	>100	>100	>100 >5	100-95	100-95	100-95
	В16	2-3	3-5	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3	0,2-0,3
	К16	100-95	100-95	100-95 1-2	100-95	100-95	100-95
	В16	0,3-0,5	0,5-1	2-3	3-5	>5	>5
	К16	95-90	95-90	95-90	95-90	95-90	95-90
	В16	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3	0,3-0,5	0,5-1	1-2
	К16	95-90	95-90	95-90	90-85	90-85	90-85
	В16	2-3	3-5	>5	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3
	К16	0,32	0,27	0,18	0,80	0,72	0,64
	В16	90-85	90-85	90-85	90-85	90-85	90-85
	К16	0,3-0,5	0,5-1	1-2	2-3	3-5	>5
	В16	0,56	0,48	0,40	0,32	0,24	0,16
	К16	85-80	85-80	85-80	85-80	85-80	85-80
	В16	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3	0,3-0,5	0,5-1	1-2
	К16	85-80	85-80	85-80	80-70	80-70 0,1-	80-70
	В16	2-3	3-5	>5	<0,1	0,2	0,2-0,3
	К16	0,28	0,21	0,14	0,69	0,54	0,48
	В16	80-70	80-70	80-70	80-70	80-70	80-70
	К16	0,3-0,5	0,5-1	1-2	2-3	3-5	>5
	В16	0,42	0,36	0,30	0,24	0,18	0,12
	К16	70-60	70-60	70-60	70-60	70-60	70-60
	В16	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3	0,3-0,5	0,5-1	1-2
	К16	70-60	70-60	70-60	60-50	60-50	60-50
	В16	0,50	0,45	0,40	0,35	0,30	0,25
	К16	70-60	70-60	70-60	60-50	60-50	60-50
	В16	2-3	3-5	>5	<0,1	0,1-0,2	0,2-0,3
	К16	0,20	0,15	0,10	0,40	0,36	0,32
	В16	0,20	0,15	0,10	0,40	0,36	0,32

15-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
	K16	60-50 0,3-0,5	60-50 0,5-1	60-50 1-2	60-50 2-3	60-50 3-5	60-50 >5
	B16	0,28	0,24	0,20	0,16	0,12	0,08
	K16	50-40 <0,1	50-40 0,1-0,2	50-40 0,2-0,3	50-40 0,3-0,5	50-40 0,5-1	50-40 1-2
	B16	0,30	0,27	0,24	0,21	0,18	0,15
	K16	50-40 2-3	50-40 3-5	50-40 >5	50-40 <0,1	50-40 0,1-0,2	50-40 0,2-0,3
	B16	0,12	0,09	0,06	0,20	0,18	0,16
	K16	<40 0,3-0,5	<40 0,5-1	<40 1-2	<40 2-3	<40 3-5	<40 >5
	B16	0,14	0,12	0,10	0,08	0,06	0,04
1.7. Шайылу, азуденгейі (ж.-жөк, әл.-әлсіз, ор. – орташа, күш. – күшті, ө.к. – өте күшті)	C17	OT OT	OT CL	OT CP	OT CH	OT OC	CL OT
	B17	1,0	0,80	0,70	0,50	0,20	0,95
	C17	CP CL	CL CP	CL CH	CL OC	CP OT	CP CL
	B17	0,76	0,66	0,48	0,19	0,80	0,64
	C17	CP CP	CP CH	CP OC	CH OT	CH CL	CH CP
	B17	0,56	0,40	0,16	0,70	0,56	0,49
	C17	CH CH	CH OC				
	B17	0,35	0,14				
1.8. Топырақтың бөлшектігі және сортаңдығы (жалпы қосындыдан сіндірілген натрий % өлшемінде)	K18	0,5 0-5-ке дейін	0,5 5-10-ға дейін	0,5 10-20-ға дейін	0,5 >20-ға дейін	0,6-1 0-5	0,6-1 5-10
	B18	0,95	0,80	0,70	0,50	0,86	0,72
	K18	0,6-1 10-20	0,6-1 >20	1,1-3 0-5	1,1-3 5-10	1,1-3 10-20	1,1-3 >20
	B18	0,63	0,45	0,76	0,64	0,58	0,40
	K18	3-5 0-5	3-5 5-10	3-5 10-20	3-5 >20	>5 0-5	>5 5-10
	B18	0,57	0,48	0,42	0,36	0,38	0,32
	K18	>5 10-20	>5 >20				
	B18	0,28	0,20				
1.9. Төсегіш үлкен домалақ және ұсақ жұмыр тасты шөгінділердің тастақтығы мен тереңдігі (ж.-жөк, әл. – әлсіз, ор. – орташа, күш. – күшті)	K119	ж. >1,5	ж. 1-1,58	ж. 0,6-1	ж. 0,3-0,6	ж. <0,3	әл. >1,5
	B19	1,00	0,95	0,80	0,60	0,40	0,95
	K19	әл. 1-1,5	әл. 0,6-1	әл. 0,3-0,6	әл. <0,3	ор. >1,5	ор. 1-1,5
	B19	0,90	0,76	0,57	0,38	0,70	0,66
	K19	ор. 0,6-1	ор. 0,3-0,6	ор. <0,3	күш. >1,5	күш. 1-1,5	күш. 0,6-1
	B19	0,56	0,42	0,28	0,50	0,48	0,40
	K19	күш. 0,3-0,6	күш. <0,3				
	B19	0,30	0,20				

16. Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласы

Бағаланатын объектілердің негізгі сипаттамалары ерекшеліктерінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығына және тұтынушылық сілтеуіштер құндылығына бағалау жүргізудің өзгеру ауқымы	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Бағаланатын объектілердің негізгі сипаттамалары ерекшеліктерінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығына және тұтынушылық сілтеуіштер құндылығына бағалау жүргізудің өзгеру ауқымы	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры
0,00000000006-0,00000000017	1	1,62889462678-4,22493315648	25
0,00000000018-0,00000000047	2	4,22493315649-10,958388519	26
0,00000000048-0,00000000126	3	10,958388520-28,423237960	27
0,00000000127-0,00000000320	4	28,423237961-73,722558206	28
0,00000000321-0,00000000856	5	73,722558207-191,217329486	29
0,00000000857-0,00000002223	6	191,217329487-495,968506575	30
0,00000002224-0,00000005570	7	495,968506576-1286,41457437	31
0,00000005571-0,00000014965	8	1286,41457438-3336,62810283	32
0,00000014966-0,00000038810	9	3336,62810284-8654,35398387	33
0,00000038811-0,00000100680	10	8654,35398388-22447,1653926	34
0,00000100681-0,00000261164	11	22447,1653927-58222,1659876	35
0,00000261165-0,00001756994	12	58222,1659877-151013,304041	36
0,00001756995-0,00004557193	13	151013,304042-391689,618731	37
0,00004557194-0,00011820190	14	391689,618732-1015941,99528	38
0,00011820191-0,00030658528	15	1015941,99529-2635091,89015	39
0,00030658529-0,00079520320	16	2635091,89016-6834749,72174	40
0,00079520321-0,00206255257	17	6834749,72175-17727580,5574	41
0,00206255258-0,00534973020	18	17727580,5575-45980778,4065	42
0,00534973021-0,01387582230	19	45980778,4066-119262297,301	43
0,01387582231-0,03599030973	20	119262297,302-309335684,398	44
0,03599030974-0,09334959452	21	309335684,399-802337099,047	45
0,09334959453-0,24212480697	22	802337099,048-2081055801,11	46
0,24212480698-0,62800939253	23	2081055801,12-5397722793,17	47
0,62800939254-1,62889462677	24	5397722793,18-14000302796,4	48

17. Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі жеке бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы

Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Дәреженің жеке бағалау коэффициенті	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Дәреженің жеке бағалау коэффициенті	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Дәреженің жеке бағалау коэффициенті	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Дәреженің жеке бағалау коэффициенті
1	0,106	13	0,342	25	1,10	37	3,39
2	0,117	14	0,377	26	1,22	38	3,73
3	0,129	15	0,416	27	1,34	39	4,12
4	0,142	16	0,458	28	1,48	40	4,54
5	0,157	17	0,505	29	1,63	41	5,00
6	0,173	18	0,557	30	1,80	42	5,52
7	0,190	19	0,614	31	1,98	43	6,08
8	0,210	20	0,677	32	2,18	44	6,71
9	0,231	21	0,746	33	2,29	45	7,39
10	0,255	22	0,823	34	2,53	46	8,15
11	0,281	23	0,907	35	2,79	47	8,99
12	0,310	24	1,00	36	3,07	48	9,91

18. Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерін анықтау шкаласы

Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Нәтижелердің эталондық дәрежесінің жеке бағалау коэффициентінің түрлену өлшемі	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Нәтижелердің эталондық дәрежесінің жеке бағалау коэффициентінің түрлену өлшемі	Эталондық нәтижелер дәрежелерінің шифры	Нәтижелердің эталондық дәрежесінің жеке бағалау коэффициентінің түрлену өлшемі
1	2	3	4	5	6
1	0,102-0,111	17	0,482-0,530	33	2,183-2,406
2	0,112-0,122	18	0,531-0,584	34	2,407-2,653
3	0,123-0,135	19	0,585-0,644	35	2,654-2,925
4	0,136-0,149	20	0,645-0,710	36	2,926-3,225
5	0,150-0,164	21	0,711-0,783	37	3,226-3,555

18-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
6	0,165-0,181	22	0,784-0,863	38	3,556-3,920
7	0,182-0,199	23	0,864-0,952	39	3,921-4,321
8	0,200-0,220	24	0,953-1,050	40	4,322-4,764
9	0,221-0,243	25	1,051-1,157	41	4,765-5,253
10	0,244-0,267	26	1,158-1,276	42	5,254-5,791
11	0,268-0,295	27	1,277-1,407	43	5,792-6,385
12	0,296-0,325	28	1,408-1,551	44	6,386-7,040
13	0,326-0,358	29	1,552-1,710	45	7,041-7,761
14	0,359-0,395	30	1,711-1,885	46	7,762-8,557
15	0,396-0,436	31	1,886-2,078	47	8,558-9,434
16	0,437-0,481	32	2,079-2,182	48	9,435-10,401

2.2. Климаттық жағдайлар көрсеткіштерінің өлшемдері және ерекше сілтеуіштерінің іргелі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалау

2.2.1. Климаттық жағдайлар ерекшеліктерінің сілтеуіштері мен көрсеткіштерінің өлшемдері

Метеорологиялық элементтердің (температура, жауын-шашын, ауа ылғалдылығы және т.б.) орташа көрсеткіштерімен және тәуліктік, маусымдық, жыл бойы тербелу амплитудасы жөнінен түсінік беруші олардың соңғы көрсеткіштерімен сипатталатын белгілі бір аумақтың (жер шарының, материктердің, елдердің, облыстардың, аудандардың) атмосферасының орташа жайы атмосфералық климат ұғымын білдіреді.

Топырақтың су-температуралық режимімен және биологиялық процестерімен тығыз байланысты болғандықтан температуралық жағдайлар мен ылғалдылықты сипаттаушы климаттық көрсеткіштер топырақта болып жатқан процестердің табиғатын танып-білуде маңызды мәнге ие. Мұндай көрсеткіштерге, бірінші кезекте, топырақта мейлінше белсенді процестер жүріп жататын вегетациялық кезеңнің агроклиматтық көрсеткіштері жатуы тиіс. Вегетациядан кейін топырақ процестерінің толықтай аяқталмайтыны мәлім.

Жылдық орташа (жалпы) көрсеткіштер мен вегетацияаралық кезең (күз, қыс) көрсеткіштерінің де белгілі бір мағынасы бар.

Биологиялық және топырақтық процестер үшін негізгі қуат көзі – күн радиациясы, ал негізгі ылғал көзі – атмосфералық жауын-шашын. Күн радиациясын жер беті сіңіре келе, біртіндеп жылу шашу арқылы атмосфераны қыздырады. Топыраққа түскен су өсімдіктермен сіңіріле келе транспирация арқылы немесе физикалық булану нәтижесінде атмосфераға қайтарылады. Осылайша топырақ пен атмосфера арасында ұдайы жылу және ылғал алмасу жүріп отырады. Бұл алмасу барысында топырақтың өте маңызды ерекшелігі болып табылатын гидротермиялық режимі қалыптасады. Сондықтан климаттың температуралық және ылғалдандыру жағдайлары бойынша сипаттамасының маңызы зор.

Климаттардың басты термиялық топтарын бөлуге негізінде 10°C -ден жоғары орташа тәуліктік температуралардың жиынтығы жатады. Вегетация кезеңінде термиялық топтардың климаттары жер шарын қоршайтын ендік белдеулер түрінде орналасады. Белдеулер орташа тәуліктік температуралардың жиынтығымен ғана емес, кең шекте түрленетін өсімдіктер мен топырақтардың белгілі бір түрлерімен сипатталады. Олар топырақтық биотермиялық белдеулер деп аталады.

Топырақтың жасалуында климаттардың басты термиялық топтары топырақтың жылу режимімен, химиялық және биохимиялық процестердің жылдамдығымен, қолайлы ылғалдандырудағы биологиялық өнімділікпен байланысты.

Жауын-шашынмен ылғалдану жағдайы бойынша климаттарымына түрлерге бөлінеді:

Климат топтары	Ылғалдану коэффициенті (Высоцкий-Иванов бойынша)
Өте ылғалды (экстрагумидті)	1,33-тен жоғары
Ылғалды (гумидті)	1,33-1,00
Жартылай ылғалды (семигумидті)	1,00-0,55
Жартылай құрғақ (семиаридті)	0,55-0,33
Құрғақ (аридті)	0,33-0,12
Өте құрғақ (экстрааридті)	0,12-ден төмен

Ылғалдық коэффициенті деп аталатын мұндай бөліністің критерийіне жауын-шашын мөлшерінің булануға қатынасы алынады (буға айналушылық – ашық су бетінен булану, мм).

Атмосфералық ылғалдану бойынша климат градациялары мен рельефтегі жағдайы бірдей кездегі топырақтың су режимімен; топырақтардың қышқылдану-қалпына келтіру әлеуетімен, тең термиялық жағдайдағы желдету және сілтісіздендіру деңгейімен байланысты.

Қыстың қаталдығы бойынша білінетін континентальдық климат градациясының үлкен маңызы бар. Континенттігі бойынша айырмашылықтар қар жамылғысының қалыңдығына және қыстық тон қату тереңдігіне байланысты топырақтардың төменгі қабатының термиялық режимін қалыптастырады және фациалды тип тармағын анықтауда топырақтар жіктелімінде көрінеді.

Жауын-шашынның жыл мезгілдері бойынша бөлінуі, олардың су өткізу және шайылу күшін анықтаушы ылғалдың түсу интенсивтілігі, мезгілдер бойынша ауаның салыстырмалы ылғалдылығы және жел күші топырақтың қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Барлық осы құбылыстар биологиялық және топырақтық процестердің көптеген ерекшеліктеріне әсер етіп, топырақтардың су және жел эрозиясының дамуына ықпалын тигізеді.

Топырақтың жасалуына климат тура және жанама әсер етеді. Тура әсері – климат элементтерінің тікелей ықпалы (топырақтың жауын-шашынмен ылғалдануы және су өткізуі, қызуы, сууы және т.б.), жанама – өсімдіктер мен жануарлар әлеміне климаттың тигізер ықпалы арқылы.

Топырақ құрушы фактор ретінде климаттың түрлілік рөлі мынада:

1) климат – биологиялық және биохимиялық процестер дамуының аса маңызды факторы. Температуралық және ылғалдық жағдайлардың белгілі бір үйлесімі өсімдіктер түрін, органикалық заттардың пайда болу және жойылу қарқынын, топырақтық микрофлора мен фаунаның құрамы мен қарқындылығына әсер етеді;

2) атмосфералық климат топырақтың ерекшеліктері және құрамы арқылы сына келе, топырақтың су-ауалық, температуралық және қышқылдану-қалпына келу режимдеріне әсер етеді;

3) климаттық жағдайлармен топырақтағы минералдық қосындылардың алмасу процестері (желдету бағыты мен қарқыны, топырақ жасау өнімдерінің шоғырлануы және басқалар) тығыз байланысты;

4) климат топырақтардың жел және су эрозиясы процестеріне үлкен әсерін тигізеді.

Климаттардың мынадай басты термиялық топтары бар:

Климаттың топтары	10°C-ден жоғары ауа температурасының жиынтығы
Суық (полярлық)	600-ден төмен
Суық-қоңыржай (бореалдық)	600-2000
Жылы-қоңыржай (суббореалдық)	2000-3800
Жылы (субтропикалық)	3800-8000
Ыстық (тропикалық)	8000-нан жоғары

Климаттық жағдайлардың эталондық дәрежесін және жеке коэффициентін анықтау үшін мынадай тұтынушылық сілтеуіштер мен климаттық жағдайының тұтынушылық көрсеткіштерінің сандық өлшемдері қолданылады:

- аймақтық экологиялық бөліктер және биіктік белдеулер;
- орташа жылдық температура, °C;
- аязсыз кезеңнің, күннің ұзақтығы;
- +10°C температуралы кезеңнің ұзақтығы;
- > 10°C қалыпты температуралардың жиынтығы;
- жыл бойы жауған жауын-шашын жиынтығы, мм;
- > 10°C температуралы кезеңдегі жауын-шашын жиынтығы;
- гидрометриялық коэффициент;
- салыстырмалы ылғалдық, %;
- қар жамылғысының орташа қалыңдығы, см.

Қазақстан климаты бір текті еместігімен сипатталады және ең алдымен, вегетация кезеңінде жылумен қамтамасыз ету мен ылғалдандыру сипатының айырмашылықтарында көрінеді.

Солтүстіктен оңтүстікке қарай жылжуы бойынша орташа жылдық температура 1-2,2-ден 11,7-11,8-ге, аязсыз кезеңнің ұзақтығы 113-тен 195 күнге дейін артады және +10°C температуралы кезеңнің ұзақтығы 130-133-тен 202-207 күнге дейін артады.

10°C-ден жоғары қалыпты температуралардың қосындысы 2243-тен солтүстікте 4184-ке дейінгі ауытқушылықты көрсетеді. Ең көп жауын-шашын Шығыс Қазақстан облысында жауады – 460-471 мм. Батыс Қазақстанның жекелеген аймақтарында – 151-181 мм, Солтүстік Қазақстанда – 300-350 мм, ал +10°C температуралы кезеңдегі жауын-шашын жиынтығы сәйкесінше: 199,4; 79-86,6; 190,7 мм болады.

Гидротермиялық коэффициент 0,2-ден 1,0-ге дейін, салыстырмалы ылғалдық – 58-ден 73%-ға дейін ауытқушылықты көрсетеді. Қар жамылғысының қалыңдығы Шығыс Қазақстан облысы бойынша орташа есеппен 49 см, Қызылорда облысы бойынша – 10 см.

2.2.2. Климаттық жағдайлар көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын және сілтеуіштер құндылығын бағалау

Климаттық жағдайлар көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын және сілтеуіштер құндылығын бағалауда арнайы ұйымдастырылған зерттеулерге сүйенген нормативтік бағалаудың шкалалары қолданылады.

Өнім күн радиациясын пайдалану нәтижесіндегі фотосинтез процесінде қалыптасады. Әлеуетті өнімділікті анықтау үшін фотосинтетикалық активті радиация (ФАР) қолданылады. ФАР-дың мәні вегетациялық кезеңнің ұзақтығына, экологиялық аймақтық бөлікке және биіктік белдеулеріне байланысты қатты өзгешеленеді. Биомассаның әр түрлі мөлшерін қалыптастыруға ықпал етуші оның кірісі 33,49-41,87 млрд КДЖ/га құрайды (19-кесте).

19. ФАР-дың өсімдіктің абсолюттік құрғақ биомассасының әлеуетті өнімділігіне әсері және оны пайдалануы, ц/га

ФАР, кірісі КДЖ/см ²	83,74	125,6	167,47	209,34	251,21	293,08	334,94
КПД ФАР -0,5%	25	37,5	50	62,5	75	87,5	100
КПД ФАР -1,0%	50	75	100	125	150	175	200
КПД ФАР -1,5%	75	112,5	150	187,5	225	262,5	300
КПД ФАР -2,0%	100	150	200	250	300	350	400
КПД ФАР -2,5%	125	187	250	312,5	375	437,5	500

Жылу – өнімділікті лимиттеуші фактор рөлін атқарады. Шын мәнісінде мүмкіндіктегі астық өнімділігі (Ашма) мына арақатынаспен анықталады:

$$\text{Ашма} = (22\text{ГТК} - 10) \text{ Кт},$$

мұнда, Кт – биомассаны негізгі өнімге айналдыру коэффициенті;

ГТК – гидротермиялық көрсеткіш.

$\text{ГТК} = 0,46 \text{ Кылғ } T_v$,

мұндағы Кылғ – ылғалдылық коэффициенті;

T_v – дақылдың вегетациялық кезеңі (декада).

Ылғалдылық коэффициенті ылғалдың нақты ресурстарынан (W) булануға шығындалатын энергия ресурстарына қатысты анықталады:

$$\text{Кылғ} = \frac{2453W}{10^4 \cdot R},$$

мұндағы R – осы кезең аралығындағы жиынтық радиациялық баланс.

Биологиялық өнімділікті бағалау биоклиматтық әлеуеттің көрсеткіші бойынша жүргізіледі:

$$\text{БКӨ} = \frac{K_p \sum t > 10^\circ\text{C}}{1000^\circ\text{C}},$$

мұндағы K_p – биологиялық өнімділік коэффициенті. Ол жеткілікті мөлшерде ылғалдану жағдайында максималды өнімділік және ылғал жетіспеушілігіндегі (оның ауытқушылық шегі ылғалды орман аймағы үшін 1-ден, құрғақ дала аудандары үшін 0,2-ге дейін) өнімділік қатынасын білдіреді.

Әр түрлі көрсеткіші мен сілтеуші бар топырақ объектілеріндегі мүмкін өнімділіктер төменде берілген (20-кесте).

20. Әр түрлі көрсеткіштері мен сілтеуіштері бар топырақ объектілеріндегі мүмкін өнімділіктер

Топырақтың механикалық құрамының сілтеуіші	R	W	T_v	K_p	Өнімділік, ц/га		
					құрғақ биомассаның	14% ылғалдықтағы биомассаның	астықтың
Сазды	104,7	350-385	10	3,9-4,2	77-84	89,5-96,5	29,8-32,2
Құмайт	104,7	300-330	10	3,3-3,6	62-69	72,1-80,2	24-26,7
Құмды	104,7	250-275	10	2,8-3,0	49-57	57,0-66,2	19-22,1

2.2.3. Жекелеген жер иелігіндегі, шаруа қожалығындағы климаттық жағдайлардың эталондық дәрежелерін және жеке бағалау коэффициенттерін анықтау

Бағалау объектісі ретінде иеліктегі жер телімдерінің жиынтығы өлшем көрсеткіштері мен ерекше сілтеуіштерінің тең әсерлі кешенімен сипатталады.

Жеке жер иелігі мен шаруа қожалығындағы климаттық жағдайлардың эталондық дәрежелерін және жеке бағалау коэффициенттерін анықтау үшін қажет:

1. Шаруа қожалығындағы жер иелігінің климаттық жағдайларын сипаттаушы тең әсерлі өлшем көрсеткіштері мен ерекше сілтеуіштерін анықтау.
2. Өлшемдік және типологиялық шкалалар бойынша өлшем көрсеткіштері мен ерекше сілтеуіштерін түрлену өлшеміне немесе жалпылық өлшеміне жатқызып, олардың маңыздылығын тұтынушылық бағалауды (Мтб) немесе құндылығын бағалауды анықтау (Қтб).
3. Бағалау нормативтерінің көбейтіндісін (Мтб) және (Қтб) – Бнк_2 анықтау.

$$\text{Бнк}_2 = \text{Қтб}_{21} \cdot \text{Мтб}_{22} \cdot \text{Мтб}_{23} \cdot \text{Мтб}_{24} \cdot \text{Мтб}_{25} \cdot \text{Мтб}_{26} \cdot \text{Мтб}_{27} \cdot \text{Мтб}_{28} \cdot \text{Мтб}_{29}$$

4. «Эталондық нәтижелер және баламалы шығындар дәрежелерін анықтау шкаласы» бойынша бағалау нормативтерінің көбейтіндісімен эталондық дәрежені (Дэт_2) және дәреженің жеке бағалау коэффициентін табамыз ($\text{Ж}^{\text{бк}}_2$).

Мысалы, шаруа қожалығы климаттық жағдайлардың келесі тең әсерлі өлшем көрсеткіштері мен ерекше сілтеуіштерімен сипатталады:

- аймақтық экологиялық бөліктері және биіктік белдеулері – 02;
- орташа жылдық температура – 1,25°C;
- аязсыз кезеңнің ұзақтығы – 116 күн;
- +10°C температуралы кезеңнің ұзақтығы – 135 күн;
- қалыпты температуралардың жиынтығы – 2300;
- жылдық жауын-шашын жиынтығы, мм – 380;
- >10°C температуралы кезеңдегі жауын-шашын жиынтығы – 175;
- гидротермиялық коэффициент – 0,85;
- салыстырмалы ылғалдық, % – 45,5;
- қар жамылғысының орташа қалыңдығы – 16 см.

Тең әсерлі көрсеткіштер мен сілтеуіштерді тиісті түрлену өлшемдеріне, жалпылық өлшемдеріне жатқыза отырып және олардың экономикалық маңыздылығының, құндылығының тұтынушылық бағалауын өлшемдік және типологиялық шкалалар бойынша анықтап, бағалау нормативтерінің – Бнк₂ көбейтіндісін анықтаймыз.

$Bнк_2 = 0,89 \cdot 1,95 \cdot 0,73 \cdot 1,40 \cdot 0,69 \cdot 1,62 \cdot 1,46 \cdot 1,73 \cdot 1,32 \cdot 0,94 = 6,21.$

Бұл мәнге «Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласы» (16-кесте) бойынша ($Дэт_2 = 26$) эталондық дәрежесі сәйкес келеді және «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі жеке бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы» (17-кесте) бойынша $Ж^бк_2 = 1,22$ дәрежесінің жеке бағалау коэффициенті сәйкес келеді.

2.2.4. Жекелеген табиғат аймақтарындағы климаттық жағдайлардың эталондық дәрежелері мен жеке бағалау коэффициенттерін анықтау

Топырақ аймағы бір немесе екі аймақтық топырақ түрлерінің және оларға жалғаспалы интрааймақтық және аймақ ішіндегі топырақтардың ареалы ретінде анықталады.

Көрші аймақтарға өтуде топырақ аймақтары ішінде топырақтық аймақ бөлігі (топырақтың өзіндік түрімен) болады, ал топырақ аймақтарының созылуы бойынша топырақтық фациялар мен провинцияларға бөлінеді.

Топырақтық аймақ бөлігі – аумағында топырақтың белгілі бір аймақтық түрлері бар, топырақ аймағының бағытымен созылған бір бөлігі.

Топырақтық фация – топырақ аймағының басқа бөліктерінен температуралық режимі және маусымдық ылғалдану барысымен айтарлықтай өзгешеленетін топырақ аймағының бөлігі.

Топырақтық провинция – топырақтық фация белгілерінде, бірақ оған қарағанда бөлшектілеу тәсілді топырақтық фацияның бөлігі.

Топырақтық провинциялар топырақтық округтерге және аудандарға бөлінеді.

Топырақтық округ – топырақ жасаушы жыныстар және рельеф ерекшеліктерімен байланысты топырақ құрамының белгілі бір түрімен сипатталушы топырақтық провинцияның бөлігі.

Топырақтық аудан – топырақ жамылғысы мезокұрылымының бір түрімен сипатталушы топырақтық округтің бөлігі.

Топырақтардың тіктік аймақтығын зерттеу барысында жазықтарға қарағанда таулы аудандарда биоклиматтық жағдайлар мен топырақтың генетикалық әр түрі бар екендігі анықталды.

Орманды далалы және далалы аймақтардың қара топырақтары Солтүстік Қазақстан аумағына тән. Негізгі қара топырақ түрімен қатар бұл өңірде шалғындық қара топырақтар, сұр ормандық топырақтар, сор, сортаң және саз батпақты топырақтар да кездеседі.

Климаттың, әсіресе далалық аймақтың әртүрлілігі, ең алдымен тұтыну сілтеуіштері мен тұтыну көрсеткіштерінің айырмашылығында. >10°C температуралы кезеңнің ұзақтығы орманды даланың шығыс аудандарында 90-120 күн, ал далалық аймақта 97-140 күн, >10°C температуралардың жиынтығы шығыста және далалық бөлікте 2300-3500-ден 1500-2300-ге дейінгі ауытқушылықты көрсетеді. Солтүстік Қазақстанда жауған жауын-шашын мөлшері 300-350 мм.

Құрғақ дала топырақтарының аймақтық түрі – сары топырақтар. Олар жылы, құрғақ, жазы ұзаққа созылған және қар қабаты аса қалың емес, қысы суық, құрғақ континентті климатта қалыптасады. Қар қабатының биіктігі 15-тен 40 см дейін ауытқушылықты көрсетеді, азиялық бөлігіндегі орташа жылдық ауа температурасы 2-3°C, еуропалық бөлігінде – 9°C.

Батыстағы аязсыз кезең – 180-190 күн, шығыста – 110-120 күн. Аймақтың батыс бөлігінде активті температуралар жиынтығы 3300-3500-ге тең болса, шығысында – 1600-2100°C. Жауын-шашын аз: аймақтың солтүстігінде – 350-400 мм, орталығында – 320-350 мм, оңтүстігінде – 250-300 мм жуық, орталық аудандарында – 200-300 мм. Ылғалдану коэффициенті аймақтың оңтүстік бөлігінде – 0,25-0,30, орталық бөлігінде – 0,30-0,35, солтүстік бөлігінде – 0,35-0,45.

Мына негізгі сипаттамаға сүйене отырып, Солтүстік Қазақстанның екі аймақтық топырақ түрлерінің ареалдары үшін климаттық жағдайлардың эталондық дәрежесі мен жеке коэффициенттерін анықтауды қарастырайық:

- аймақтық экологиялық бөліктері және биіктік белдеулері – 02 (сілтісіздендірілген қара топырақтар, кәдімгі сұр ормандық);
- орташа жылдық температура, °C – 1-2,2;
- аязсыз кезеңнің ұзақтығы – 128 күн;
- +10°C температуралы кезеңнің ұзақтығы – 130 күн;
- >10°C оң температуралардың жиынтығы – 2243°C;
- жыл бойы жауған жауын-шашын жиынтығы – 331-338 мм;
- >10°C температуралы кезеңдегі жауын-шашын жиынтығы – 190,7°C;
- гидротермиялық коэффициент – 08-09;
- салыстырмалы ылғалдық – 73%;
- қар қабатының орташа қалыңдығы – 18 см.

$B_{нк_2} = 0,89 \cdot 1,95 \cdot 0,82 \cdot 1,40 \cdot 0,69 \cdot 1,62 \cdot 1,46 \cdot 1,73 \cdot 1,00 \cdot 0,94 = 5,29$.

Аймақтың эталондық дәрежесі – 26. Аймақтың жеке бағалау дәрежесінің коэффициенті $J_{ак_2}^c = 1,22$ «Эталондық нәтижелердің дәрежелерін анықтау шкаласы» (16-кесте) бойынша және «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі жеке бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласы» (17-кесте) бойынша анықталады.

2.2.5. Мемлекеттің климаттық жағдайының жеке бағалау коэффициенттерінің эталондық дәрежелерін анықтау

Мемлекеттің, мемлекеттер одағының климаттық жағдайларының эталондық дәрежелері мен жеке коэффициенттерін анықтау жеке табиғат аймақтарының, биіктік белдеулерінің және аумақтың жалпы көлемінен алғанда аймақтың, аймақ бөлігінің, биіктік белдеулерінің көлем үлестерінің климаттық жағдайларын бағалау коэффициенттері негізінде жүргізіледі.

$$J_{ак_2}^c = \frac{J_{ак1}^c \cdot Y_1 + J_{ак2}^c \cdot Y_2 + \dots + J_{акm}^c \cdot Y_m}{1}$$

мұндағы $J_{ак1}^c, J_{ак2}^c, J_{акm}^c$ – мемлекеттің, мемлекеттер одағының 1,2...m- аумағын аймақтар бойынша жеке бағалау коэффициенттері;

Y_1, Y_2, Y_m – аумақтың жалпы көлемінен алғанда аймақтың, аймақ бөлігінің, биіктік белдеуінің көлем үлесі.

Мысалы, 19 аймақ және биіктік белдеулері бар мемлекет үшін $J_{ак_2}$ мәнін анықтау қажет.

21. Мемлекет үшін жеке бағалау коэффициентін анықтауға арналған негізгі мәліметтер

Аймақтар нөмірі	$J_{ак}^c$	Y	$J_{ак}^c \cdot Y$
1	1,22	0,016	0,020
2	1,22	0,042	0,051
3	1,34	0,029	0,039
4	1,10	0,041	0,045
5	1,22	0,035	0,043
6	1,22	0,046	0,056
7	0,907	0,055	0,050
8	0,746	0,044	0,033
9	0,614	0,063	0,039
10	0,907	0,108	0,098
11	1,10	0,042	0,046
12	0,823	0,100	0,082
13	1,10	0,068	0,075
14	1,34	0,036	0,048
15	0,677	0,091	0,062
16	0,907	0,046	0,042
17	0,907	0,067	0,061
18	1,10	0,044	0,048
19	1,22	0,038	0,046

$$Ж_{ак2}^e = \frac{\sum Ж_{ак}^e \cdot Y}{Y} = \frac{0,984}{1,01} = 0,974.$$

«Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерін анықтау шкаласына» (18-кесте) және «Бағаланатын аймақтағы нәтижелердің эталондық дәрежелерінің тең әсерлі жеке бағалау коэффициенттерін анықтау шкаласына» (17-кесте) сәйкес, Дэт = 24 және $Ж_{ак2}^e = 1,00$.

22. Климаттық жағдайларға байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерін ұдайы өндіру жағдайларының негізгі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалаудың жүйелі сілтеуіштері мен сәйкестендірілген көрсеткіштерінің шкаласы

Негізгі фактордың жүйелі сілтеуіштері мен сәйкестендірілген көрсеткіштері	Сілтеуіштердің көрсеткіштердің шифры	1,2, ... m-негізгі фактордың климаттық жағдайларға байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерін ұдайы өндіру шарттарының жалпылық өлшемі (1,2,...n-жүйелі сілтеуіштің) немесе түрлену өлшемі (1,2,... n-сәйкестендірілген көрсеткіштің) және оларға сәйкес келетін нәтижелі-артықшылықты бағалау коэффициенттері							
		1	2	3	4	5	6	7	8
2.0. Аймақтық экологиялық бөліктері, биіктік белдеулері	C20	01	02	03	04	05	06		
	B20	1,00	0,89	0,78	0,67	0,56	0,44		
	C20	07	08	09	10	11	12		
	B20	0,26	0,36	0,80	1,20	1,90	0,75		
2.1. Орташа жылдық температура, °C	K21	До1	1-2	2-3	3-4	4-5	5-6		
	B21	1,10	1,95	2,69	1,92	1,50	1,22		
	K21	6-7	7-8	8-9	9-10	10-11	>11		
	B21	1,04	0,90	0,79	0,71	0,64	0,58		
2.2. Аязсыз кезеннің, күндердің ұзақтығы	K22	>200	185-200	170-185	155-170	140-155	125-140		
	B22	1,29	1,20	1,10	1,01	0,92	0,82		
	K22	110-125	95-110	80-95	65-80	50-65	<50		
	B22	0,73	0,64	0,54	0,45	0,36	0,22		
2.3. +10°C температуралы кезеннің ұзақтығы	K23	>200	185-200	170-185	155-170	140-155	125-140		
	B23	0,86	0,92	1,00	1,10	1,21	1,40		
	K23	110-125	95-110	80-95	65-80	50-65	<50		
	B23	1,24	1,08	0,92	0,76	0,69	0,45		

22-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	
2.4. 10°C калыпты температуралар жиынтығы	K24	>4300	4000-4300	3700-4000	3400-3700	3100-3400	2800-3100	
	B24	0,76	0,80	0,83	1,05	0,96	0,87	
	K24	2500-2800	2200-2500	1900-2200	1600-1900	1300-1600	<1300	
	B24	0,78	0,69	0,60	0,52	0,43	0,34	
2.5. Жылдық жауын-шашын жиынтығы, мм	K25	<100	100-175	175-250	250-325	325-400	400-475	
	B25	0,28	0,61	0,95	1,28	1,62	1,95	
	K25	475-550	550-625	625-700	700-775	775-850	>850	
	B25	2,29	2,62	2,96	3,29	3,63	3,96	
2.6. +10°C температуралы кезеңдегі жауын-шашын жиынтығы	K26	<50	50-100	100-150	150-200	200-250	250-300	
	B26	0,21	0,62	1,04	1,46	1,88	2,29	
	K26	300-350	350-400	400-450	450-500	500-550	>550	
	B26	2,71	3,12	3,54	3,96	4,38	4,79	
2.7. Гидротермиялық коэффициент	K27	До 0,2	0,2-0,3	0,3-0,4	0,4-0,5	0,5-0,6	0,6-0,7	
	B27	0,31	0,51	0,71	0,92	1,12	1,33	
	K27	0,7-0,8	0,8-0,9	0,9-1,0	1,0-1,1	1,1-1,2	<1,2	
	B27	1,53	1,73	1,94	2,4	2,35	2,55	
2.8. Салыстырмалы ылғалдық, %	K28	<5	5-15	15-25	25-35	35-45	45-55	
	B28	0,40	0,61	0,75	0,91	1,10	1,32	
	K28	55-65	65-75	75-85	85-95			
	B28	1,45	1,00	0,70	0,15			
2.9. Қар қабатының орташа қалыңдығы, см	K29	<15	15-20	20-25	25-30	30-35	35-40	
	B29	0,69	0,94	1,20	1,47	1,74	2,00	
	K29	40-45	45-50	50-55	55-60	60-65	>65	
	B29	2,27	2,54	2,81	3,07	3,34	3,61	

2.3. Жергілікті жер мен топырақтағы су тәртібі көрсеткіштерінің өлшемдері және ерекше сілтеуіштерінің іргелі сипаттамаларын нәтижелі-артықшылықты бағалау

2.3.1. Топырақтың су тәртібі және жергілікті жер көрсеткіштері өлшемдері мен ерекше сілтеуіштері

Жергілікті жер мен топырақтың су тәртібі. Жер қыртысында топырақты қалыптастыру мен оның қабатын дамытуда жергілікті жердің маңызы өте үлкен және әр түрлі. Рельеф нысандарының 3 тобы бар: макрорельеф, мезорельеф және микрорельеф.

1. *Макрорельефпен* үлкен аймақтың жалпы бейнесін анықтайтын рельефтің ең ірі нысандары түсіндіріледі: жазықтар, қыраттар, тау жүйелері.

2. *Мезорельефке* – рельеф нысандарының орта мөлшерлері жатады: бөктерлер, төбешіктер, қойнаулар, жазықтар, террасалар және олардың элементтері – жазық жер бөліктері мен әр түрлі құламалы сағалар.

3. *Микрорельефпен* азғантай аумақты қамтитын, биіктігі шамамен бір метрдей ғана болатын (бірнеше шаршы метрден жүз шаршы метрге дейін қамтитын) рельефтің ұсақ нысандары түсіндіріледі. Бұған рельефтің тегіс жерінде пайда болатын төбешіктер, сайлар жатады. Кейде микрорельеф баурайларда топырақтық массалардың құлауымен және топырақтық-эрозиялық процестердің болуымен анықталады.

Тіктігімен, нысанымен, экспозициясымен сипатталатын рельефтің баурайлы нысаны кең дамыған. Рельеф баурайлардың тіктігіне байланысты күн радиациясы мен жауын-шашынның әр жерлерге әр түрлі бөлінуінің басты факторы болып табылады және су, жылу, қоректік, тұздану және қышқылдану-қалпына келу мөлшерлеріне ықпалын тигізеді.

Сөйтіп, тауда тік аймақты климат пайда болып, оның себебінен, биіктікте ылғалдылық өзгеріп, жер қыртысы мен ауада температураның төмендеуі пайда болады. Ауа массасы тауға

жақындағанда, жайлап көтеріліп біртіндеп салқындайды және жауын-шашынның пайда болуына себепкер болады. Таудан өткеннен кейін сол ауа массасы төмен түсіп, күнге қызып, құрғайды. Мезо-және микроэлементтер мен әр түрлі баурайлар барлығынан бұрын, жер бетіне жауын-шашынның ылғалдарын әр түрлі бөледі және жер бетінде ағатын, жер қыртысына сіңетін, жылу төмендегенде жиналатын суды реттейді. Әр түрлі ылдилар мен қыраттардың топырақ қабаты күн радиациясының түрлі мөлшерін алады. Бұл ауа температурасы мен су мөлшерінің жағдайына әсер етеді.

Ылғалдылықтығы әртүрлілік қоректік, қышқылдану-қалпына келу мен тұздану мөлшерлемелеріне өзгерістер тудырады.

Бұлардың барлығы әр түрлі өсімдіктердің дамуы мен орын ауыстыруына, органикалық заттардың көбеюі мен синтезделуіндегі айтарлықтай өзгерістерге, рельефтердің әр түрлі жағдайларында әр түрлі топырақ қабаттарының қалыптасуына (автоморфты, жартылай гидроморфты, гидроморфты топырақтар) әкеліп соқтырады.

Топырақтағы су тәртібі. Топырақ қабатына түсіп жиналған барлық ылғалды, оның қозғалысын, топырақ қабатында ұсталған және жұмсалатын жиынтықтарды су мөлшері деп атайды. Оның мөлшері су балансы арқылы көрсетіледі. Су балансы топырақ қабатына ылғалдың келгенін және жұмсалғанын сипаттайды.

Су балансының жалпы теңдеуі мынадай формуламен көрсетіледі:

$$B_0 + B_{жш} + B_{жас} + B_{сбп} + B_{ағ} + B_{қ} = E_{бул} + E_t + B_c + B_{аж} + B_{ia} + B_1,$$

мұнда, B_0 – топырақ қабатындағы бақылау басталған кездегі су қоры;

$B_{жш}$ – барлық бақылау кезеңіндегі топырақтағы жауын-шашынның жиынтығы;

$B_{жас}$ – жер асты суларынан келетін ылғалдың мөлшері;

$B_{сбп}$ – су буларынан пайда болатын ылғалдың мөлшері;

$B_{ағ}$ – жер бетіндегі су ағындарынан түсетін ылғал мөлшері;

$B_{қ}$ – топырақ сулары мен жер асты суларының қапталынан ағып келген судан болатын ылғалдың мөлшері;

$E_{бул}$ – бақылаудың барлық кезеңінде жер бетінен буланатын ылғал мөлшері, табиғи булану;

E_t – транспирацияға жұмсалатын ылғал мөлшері (дедукция);

B_c – топырақтың қалыңдығында сүзілетін ылғал;

Ыаж – жер бетіндегі ағу салдарынан жоғалатын су мөлшері;
 Ыia – топырақтың ішкі қыртысынан жанама ағатын ағындардан жоғалатын ылғал;

$Ы_1$ – бақылаудың соңында топырақ қабатында қалған ылғал қоры.

Теңестірудің сол бөлігіне балансқа кірісті көрсететін баптар қосылса, оң бөлігіне – жұмсалған баптар енеді. Көп жағдайда ылғалданудың үдемелі жағдайы мен аумақтың құрғап кетуі болмайды. Мұндай жағдайда су балансының теңдесуі нольге тең: топырақ қабатына судың келуі мен жұмсалуды өзара тең.

Су балансы жылдың кезеңдерімен сипатталады, қашанда бір жыл кезеңінде ылғалдың түсуі мен жұмсалудың үдерісі қайталанады. Егер климатта елеулі өзгеріс болмаған жағдайда, бастапқы және соңғы уақыттағы кезеңде су қорының балансын тең деп қабылдауға болады: $Ы_0 = Ы_1$.

Рельефтің баурайлы элементтері үшін, топырақ суы мен жер асты суларының қапталынан ағып келетін ылғал мөлшері жанама су ағысында азаятын ылғалдарына тең: $Вб = Вс$.

Жер қыртысындағы ылғалдың суға айналуы баланстың басқа баптарына қарағанда өте аз, тәжірибеде оны есепке алмайды. Жіберілген кемшіліктерді есепке алғанда, су балансының теңдеуі келесі жағдайда болады:

$$Ыжш + Ыжас + Ыағ + Ебул + Ет + Ыс + Ыаж.$$

Су балансы жер қыртысының барлық қалыңдығына ие, белгілі бір тереңдікке қолданылатындай етіп жасалады. Барлық уақытта, ылғалдың барлық қоры, оның топыраққа кіруі мен жұмсалуды су тығыздығының миллиметріне немесе м³/га есептеледі.

Ылғалдың мөлшерін генетикалық көкжиектің әрбіреуі үшін бөлек есептеп шығарады, өйткені ылғалдылық пен оның тығыздығы қыртыстың түрлі жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Бөлек генетикалық көкжиек бойынша су қоры мынадай формулмен анықталады:

$$Ы = a \cdot dv \cdot H,$$

мұндағы $Ы$ – ылғал қоры (м³/га) H қабаты үшін;

a – даладағы ылғал көлемі, %;

dv – тығыздығы, г/см²;

H – көкжиектің күші, см.

Су қорын қайта есептеу үшін су тығыздығының м³/га-ға есептелген 0,1 коэффициентін енгізу қажет. Өйткені бір мм-дегі су тығыздығы 1 га-дағы су қорының 10 м³-на тең.

Вегетациялық кезеңде ескерілетін топырақтағы су қоры ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің ылғалмен қамтамасыз етілгені туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Агрономиялық тәжірибеде жер қыртысының жалпы және пайдалы су қорын есепке алған маңызды. м³/га-да көрсетілген судың жалпы қорын (СЖҚ) – (немесе су бағанындағы миллиметр бойынша) мына формула бойынша есептеуге болады:

$$СЖҚ \text{ м}^3/\text{га} = (a_1 \cdot dv_1 \cdot H_1) + (a_2 \cdot dv_2 \cdot H_2) + \dots + (a_n \cdot dv_n \cdot H_n),$$

мұндағы $a_1 \cdot dv_1 \cdot H_1$ – соған сәйкес даладағы ылғалдың көлемі, бірінші қабаттағы күші мен тығыздығы;
 $a_2 \cdot dv_2 \cdot H_2$ – екінші қабаттағы және т.б.

Топырақтағы судың пайдалы қоры (СПҚ) – топырақ қабатының қалыңдығындағы өсімдіктерге жете алатын ылғал немесе өнімді жалпы мөлшері.

$$СПҚ = СЖҚ - ӘЖҚ,$$

мұндағы $ӘЖҚ$ – әрең жететін ылғал қоры.

Соңғы көрсеткішті топырақ қабатындағы жалпы қорға сай есептеп шығарады. Бірақ даладағы ылғал көлемі сол белдеуге, өсімдіктің (ЫК) тұрақты солуына байланысты (м³/га) алады.

$$ӘЖҚ = (ЫК_1 \cdot dv_1 \cdot H_1) + (ЫК_2 \cdot dv_2 \cdot H_2) + \dots + (ЫК_n \cdot dv_n \cdot H_n).$$

Өнімдегі ылғал қорын бағалау төменде көрсетілген (23-кесте).

23. Өнімдегі ылғал қорын бағалау

Топырақ қабатының күші, см	0-20			0-100				
	>40	40-20	<20	>160	160-130	130-190	90-60	<60
Су қоры, мм								
Су қорының мөлшерлік бағасы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлық емес	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Жаман	Өте жаман

Топырақтағы су тәртібінің түрі. Әр түрлі топырақтық-климаттық аймақтар мен жергілікті жердің әр бөлігінде су мөлшері әр түрлі деңгейде қалыптасады. Жылдық су балансының негізгі қатынастарына байланысты қабаттағы су мөлшерінің бірнеше түрі болуы мүмкін.

Су мөлшерінің тәжірибелік сипаты көп жылғы деректердің орташа жауын-шашынының мөлшері және жыл ішіндегі булануы аралығындағы қатынастары бойынша анықталады. Булану – бұл ашық су бетінен немесе белгілі бір уақыт аралығында (мм-де көрсетіледі) аталмыш климат жағдайында үнемі ылғалданып тұратын жер қыртысынан буланып ұшуы мүмкін ылғал. Жауын-шашынның жылдық мөлшерінің жыл бойындағы ылғалдың булануына қатынасын ылғалдану коэффициенті деп атайды (ЫК). Әр түрлі табиғат аймағында ЫК 3-тен 0,1-ге дейін өзгеріп отырады.

Қолданылатын әр түрлі табиғат жағдайына байланысты су мөлшерінің түрлері бөлінеді:

1. *Тоңазыған түрі* көптеген жылдар бойы қатып, тоңазыған аудандарда тараған. Топырақтың тоңазыған қабаты оның үстінде судың болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан жібiген жер қыртысының жоғарғы қабаты вегетациялық кезеңде сулы болуы заңды.

2. *Шайылатын түрі* ($ЫК > 1$) жауын-шашынның жылдық мөлшері булану көлемінен көбірек болатын жергілікті жерге тән. Ылғал айналымының жылдық кезеңінде кіретін ағысқа қарағанда, оның жұмсалатын мөлшері басым болады. Жер қыртысының қалыңдығы жыл сайын күз және көктемде жер астындағы суларға дейін ылғалданады, ал ол топырақ жасаушы өнімдердің үнемі сүзгіден өтуіне әкеледі. Мұндай жағдайда, алтын түсті, қызыл түсті және сары түсті топырақ түрлері қалыптасады. Су мөлшерінің батпақты түрі жер асты суларының жер бетіне жақын орналасуына және топырақ жасаушы жыныстар мен суды аз өткізетін топыраққа байланысты дамиды. Бұл алтын түсті-батпақты және батпақты жерге тән.

3. *Мерзімді шайылатын түрі* ($ЫК = 1$) көп жылғы жауын-шашын мен буланудың орташа теңдесуінің арасындағы 1,2-0,8 ауытқуы кезінде сипатталады. Су мөлшері үшін, құрғақ болған жылдары жер қабатының топырақты қалыңдығын әр (шайылмайтын жағдайы) кезеңде шектеулі суландыру мен тереңге дейін

ылғалдандыру тән. Жауын-шашынның көп болуына байланысты бірнеше жылдың ішінде жер қабатын шаю 1-2 рет болады, мұндай су мөлшері орманды сұр топырақты, күлденген және сілтісіздендірілген қара топырақты жер қабаттарына тән. Мұндайда топырақтың сумен қамтамасыз етілуі біркелкі емес.

4. *Шайылмайтын түрі* ($ЫК < 1$) жауын-шашынның ылғалы тек топырақтың жоғарғы қабатына ғана сіңіп, жер асты суларына жетпейтін жергілікті жерлерге тән. Ауадағы және жер асты сулары арасындағы байланыс ЫК-ға жақын, ылғал көлемі өте төмен қабат арқылы жүзеге асады. Ылғалдардың алмасуы судың бу түріндегі қоғалыстары арқылы жүзеге асады. Мұндай су мөлшері қара топырақты, сарғылт, бозқоңыр жартылай шөлейтті және шөлейтті сұр қоңыр далалық жер қыртыстарына тән. Бұл көрсетілген қатарда жауын-шашын көлемі азаяды, булануы көбейеді. Ылғалдану коэффициенті 0,6-дан 0,1-ге дейін азаяды; жылдық ылғал айналымы мен жер қыртысының қалыңдығы 4 мм-ден (дала қара топырағы) 1 м-ге дейін (далалық жер қыртыстары) қамтылады.

Далалық жер қыртыстарында жиналған ылғалдар қоры көктемде кеш басталған күзгі жауын-шашын мен аққан сулардың есебінен транспирация мен табиғи булануға жұмсалып, күз таяғанда өте көп азаяды. Жартылай шөлейт және шөлейтті аймақтарда жер өңдеумен айналысу суландырусыз мүмкін емес. Жартылай шөл және шөл далаларда сумен шайылмайтын тәртіпте ылғал негізінен жерді суландыруға жұмсалады, сондықтан топырақтың жоғарғы қабатынан кететін су ағыны келетіннен басым болады.

5. *Булану түрлері* далалық, әсіресе, жер асты суларының жер бетіне жақын жатқан кезінде жартылай шөлейт, шөлейтті аймақтарда кездеседі. Жер асты сулары тамшыларының есебінен мұндай кезде ылғалдардың белсенді шығуы тән. Жер асты суларының жоғары минералдануы кезінде қыртыстарға тез еритін тұздар түседі сөйтіп, жер тұзданады.

6. *Жерді суландыратын түрі* топырақты жер суаратын сулармен қосымша ылғалдандыру кезінде қалыптасады. Суландыру кезінде әр кезеңде су мөлшерінің бірнеше түрі пайда болады. Суару кезінде шайылмайтын және булануға ауысатын шайылым түрі пайда болады, оның артынан қыртыстарда кезеңменен ағатын және шығатын су көздері пайда болады.

Су мөлшерін реттеу климат пен жер қыртысының жағдайларына, сондай-ақ суда өсірілетін дақылдардың қажетіне қарай негізделеді. Дақылды өсімдіктердің дамуына және өсуіне қажетті жағдайды жасау үшін жер қыртысына түсетін ылғалды теңестіруге ұмтылу қажет, яғни коэффициентінің 1-ге жақын ылғалдылығын жасау керек.

Жергілікті жер мен жер қыртысының су мөлшерінің жеке коэффициенті мен эталондық дәрежесін белгілеу үшін, келесі тұтынылатын сілтеуіштер мен жергілікті жер және жер қыртысының су мөлшерінің тұтыну көрсеткіштерінің сандық көлемі пайдаланылады:

- жергілікті жердің ендігі мен ұзындығы;
- жергілікті жердің теңіз деңгейінен биіктігі;
- рельефтің түрлері және еңістердің көлемі;
- баурайлар экспозициясы;
- дақылдардың вегетациясы кезеңінде ФАР кірісі КЮЖ/см²;
- өсімдіктер биомассасының құнарлылығы, КЮЖ, кг;
- жер қыртысының күші, см және су қоры мм;
- жыл бойындағы жауын-шашынды пайдалану коэффициенті;
- ауыл шаруашылығында дәнді дақылдарды өндірудегі суды пайдаланудың коэффициенті;
- егіннің шаруашылық тиімділігіндегі тобы және ауыл шаруашылығы дәнді дақылдарының ылғалмен қамтамасыз етілуі.

2.3.2. Жергілікті жер мен топырақтың су тәртібі көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын және сілтеуіштерінің құндылығын тұтынушылық бағалау

Топырақ және топырақ қабатының қалыптасуы мен дамуында рельефтің маңызы үлкен және әр түрлі. Рельефтің үлкен (жазықтар, шоқы, тау сілемдері), орта (бөктерлер, төбелер, алқаптар, қойнаулар жазықтар, әр түрлі құламалы еңістер), ұсақ нысандары (төбешіктер, сайлар) сілтеуіштердің әр түрлі құндылығына және көрсеткіштердің экономикалық маңыздылығына ие.

Рельеф еңістер мен құламалардың орналасуына байланысты күн радиациясы мен жауын-шашынның жерге түсуін қамтамасыз етуші фактор болып, тұздану, қышқылдану-қалпына келу, қоректік, сулану мөлшеріне ықпал етеді.

Әр түрлі еңістер мен көріністердің бет жағы күн радиациясы мен су мөлшерін біркелкі алмайды. Ылғалдану мөлшерінің әртүрлілігі қоректік, қышқылдану-қалпына келу мен тұздану мөлшерінде өзгерістер әкеледі.

Рельефтің еңісті-қыратты нысандары жағдайында рельеф эрозиялық үдерістердің дамуына үлкен ықпал етеді, ондай кезде су эрозиялары пайда болып, жер қыртыстарының шайылуына жол ашады. Кейбір аудандардағы жазық нысандар құрғақ және континентті климат пен жел эрозиясының туындауына әкеледі.

Өсімдіктер жыл бойындағы жауын-шашынмен толық қоректен алмайды. Еңістігі бар егіс далаларындағы толассыз жауын-шашын уақытында ағын сулардың есебінен болатын ылғалдардың өндірістік емес шығындары болады.

Өсімдіктер үшін ылғалдың тиімді мөлшері (W) егістік алдындағы бір метрлік жер қыртысындағы өсімдіктерге қажетті ылғал қорының мөлшері ретінде анықталады. Оған дақылдардың вегетация кезінде болатын жауынның ылғалы (Жау) және көп жылғы шөптер (W₀) мен күзгі дақылдардың белсенді өсуі ықпал етеді.

$$W = W_0 + \text{Жау.}$$

Жергілікті жерді сипаттау үшін келесі сілтеуіштер пайдаланылады:

рельеф түрлері:

- бірқалыпты (әлсіз кесілген жергілікті жердің жазығы – ӘЖЖ);
- орташа кесілген (қыратталған, терең емес жыртылған, жазық еңісті жергілікті жер – ҚТЖЖ);
- кесілген (тік қыратты, жыртылған сайлы және жырталы, су ағатын жері жоқ ойдымды жер – ТҚЖЖ).

Еңістердің көлемі:

- шағын еңістер – 0,002;
- орташа еңістер – 0,002-0,01;
- үлкен еңістер – 0,01.

Өсімдіктердің биологиялық салмағының 90-95%-ы фотосинтез үдерісінде қалыптасатын органикалық заттардан тұрады. Ал минералдық қоректік элементтер үлесіне дақылдың 5-10%-ы ғана келеді.

Дақыл күн радиациясын пайдалану кезіндегі фотосинтез үдерісі арқылы қалыптасады. Дақылдың әлеуетті өнімділігін анықтау үшін фотосинтетикалық белсенді радиация пайдаланылады (ФАР). Шаруашылықтағы (аудан) ФАР сомасы антинометриялық станциямен немесе агрометеорологиялық орынмен есептелуі мүмкін:

$$\sum Q_{\text{фар}} = 0,42 \sum S^1 + 0,58 \sum D,$$

мұндағы $\sum Q_{\text{фар}}$ – жалпы ФАР сомасы;

$\sum S^1$ – тікелей күн радиациясының сомасы;

$\sum D$ – таралған күн радиациясының сомасы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің вегетация кезеңіндегі ФАР Кдж/см² келуі Кдж/м биологиялық салмағының құнарлығын құрайды:

Жаздық бидай	100,48 Кдж/см ² -18346 Кдж/м	
Күздік бидай	99,64	– 18631
Күздік қара бидай	96,30	– 18422
Арпа	92,25	– 18506
Сұлы	94,62	– 18422
Картоп	97,13	– 18003
Мал азықтық қызылша	119,74	– 16119
Азықтық жүгері (силос)	93,30	– 163,28
Сұлы аралас жем	85,53	– 196,78
Көп жылдық шөптер	110,95	– 18841

Өнімдікке қажетті ылғалдың қорын бағалауда 24-кестеде келтірілген көрсеткіштер пайдаланылған.

24. Су қорларын сапалы бағалау

Жер қыртысы қабатының күшіне байланысты мм, су қорлары см	0-100 см	
	0-20 см	0-100 см
Өте жақсы		>160
Жақсы	>40	160-130
Қанағаттанарлық	40-20	130-90
Жаман	< 20	90-60
Өте жаман		<60

Жылдық жауын-шашынды пайдалану коэффициенті аққан сулардың есебінен болатын ылғалдың өндірістік емес шығынына және далаларға толассыз жауған жауынға, сондай-ақ өсімдіктер өспейтін жер бетінің булануына да байланысты.

Жинақталған деректерге сүйенсек, жауын-шашынның жылдық мөлшерін механикалық құрамы бойынша әр түрлі жер қыртысында пайдалану 42-ден 92%-ға дейін ауытқиды. Қалған 8-58%-ы өндірістік емес шығындарды құрайды. Құмайт қыртыстарда ылғал көлемі аз болады. Онда жылдық жауын-шашынның тек 42-48% ылғалы сақталады. Ең үлкен ылғал батпақты жерде болады. Саз балшықты қыртыстарда ылғал көлемі 66-76% болады.

Ылғалдың қамтамасыз етілуі бойынша қорытындыларды есептеуді әр жердің, ауданның, облыстың рельефтерін және ерекшеліктерін ескере отырып, саралап жүргізу қажет.

Құрғақ биосалмақ бірлігін қалыптастыруға жұмсалатын ылғал мөлшері – бұл суды пайдаланудың коэффициенті. Бұл коэффициент әр дақыл үшін ерекшелігі бар және вегетация кезеңінде климат ерекшеліктеріне, қыртыс өнімділігінің деңгейіне, тыңайтқыштардың шамасына және басқа да факторларға байланысты өзгеріп отырады. Қыртыс өнімділігі мен агротехниканың деңгейі неғұрлым төмен болса, суды пайдаланудың коэффициенті соғұрлым ортадан жоғары болады. Егіс даласының бөлігінің жағдайына жауап беретін деректер жоқ болған жағдайда, тең ықпал ететін су коэффициенті өзгерістері диапозонының көлемін пайдалануға болады: қонақ жүгері – 160-240ц су, қара құмық – 300-600ц, тары – 180-280ц, дәндік жүгері – 200-600ц, сұлы – 350-500ц.

Арпа – 350-500ц, жаздық бидай – 300-600ц, күздік қара бидай – 300-500ц, күздік бидай – 350-500ц, қант қызылшасы – 70-150ц, картоп – 350-400ц.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының жиынтығы үшін бағалау коэффициенті (Ашөжб) басқа коэффициенттер (Опк) мен жалпы жиынтықтағы олардың үлесін (Дпк) есепке алып белгіленеді.

$$\text{Ашөжб} = \sum O_{\text{пк}} \times D_{\text{пк}}$$

Мысалы, астықтың шаруашылық тиімділігінің және ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғалмен қамтамасыз етілуінің бағалау коэффициентін келесідегідей үйлестіру үшін белгілейміз (25-кестені қараңыз).

25. Бағалау коэффициентін белгілеу үшін соңғы деректер

Дақылдар	Тиімді ылғалдың мөлшері	Бидайдың сабанға қатынасы, дәннің сабағына қатынасы	Жалпы жиынтықтың үлесі
Картоп	350	1:07	0,05
Арпа	300	1:1,1	0,45
Сұлы	300	1:1,3	0,50

$$O_{\text{пкс}} = \sum O_{\text{пк}} \cdot D_{\text{пк}} = 0,81 \cdot 0,05 + 0,89 \cdot 0,45 + 0,98 \cdot 0,5 = 0,04 + 0,40 + 0,49 = 0,93 \text{ (15-топ)}$$

$$O_{\text{пк1}} = O_{\text{м}} \cdot O_{\text{в}} = 0,83 \cdot 0,98 = 0,81;$$

$$O_{\text{пк2}} = O_{\text{м}} \cdot O_{\text{в}} = 1,00 \cdot 0,89 = 0,89;$$

$$O_{\text{пк3}} = O_{\text{м}} \cdot O_{\text{в}} = 1,10 \cdot 0,89 = 0,98;$$

мұндағы $O_{\text{м}}$ – астықтың шаруашылық тиімділігінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын бағалау коэффициенті (27-кесте);

$O_{\text{в}}$ – өсімдіктер үшін тиімді ылғал мөлшерінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын бағалау коэффициенті (28-кесте).

26. Ауыл шаруашылығы дақылдарын ылғалмен қамтамасыз ету және астықтың шаруашылық тиімділігінің топтары

Ылғалды қамтамасыз ету деңгейі шаруашылық тиімділігінің топтары	Бағалау коэффициенттері туындысының өзгеру диапазоны (Опк)	Ылғалды қамтамасыз ету деңгейі шаруашылық тиімділігінің топтары	Бағалау коэффициенттері туындысының өзгеру диапазоны (Опк)	Ылғалды қамтамасыз ету деңгейі шаруашылық тиімділігінің топтары	Бағалау коэффициенттері туындысының өзгеру диапазоны (Опк)
1	< 0,25	11	0,580-0,640	21	1,50-1,65
2	0,25-0,27	12	0,640-0,70	22	1,65-1,82
3	0,27-0,295	13	0,70-0,77	23	1,82-2,00
4	0,295-0,325	14	0,77-0,85	24	2,00-2,195
5	0,325-0,360	15	0,85-0,935	25	2,195-2,415
6	0,360-0,395	16	0,935-1,03	26	2,415-2,655
7	0,395-0,435	17	1,03-1,13	27	2,665-2,92
8	0,435-0,480	18	1,13-1,24	28	2,92-3,21
9	0,480-0,525	19	1,24-1,365	29	3,21-3,53
10	0,525-0,580	20	1,365-1,50	30	> 3,53

Ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғалмен қамтамасыз етілуін және өнімділіктің шаруашылық тиімділігінің топтарын анықтау.

Жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдарының шаруашылық тиімділігінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын бағалау коэффициенттері туындысының өзгеру кеңістігі бойынша астықтың шаруашылық тиімділігінің топтары және ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғалмен қамтамасыз етілуі анықталады.

27. Астық шаруашылығының өнімділігі тиімділігінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын бағалау коэффициенттерінің шкаласы

Бидайдың сабанға қатынасы, дәннің сабағына қатынасы (Кт)	<0,34-5	0,35-0,38	0,381-0,42	0,421-0,46	0,461-0,506	0,507-0,557	0,558-0,614	0,615-0,675	0,676-0,743
Экономикалық маңыздылықты бағалау коэффициенті (От)	1,46	1,33	1,21	1,10	1,00	0,91	0,83	0,75	0,68

28. Өсімдіктер үшін тиімді ылғал мөлшерінің тұтынушылық көрсеткіштерінің экономикалық маңыздылығын бағалау коэффициенттерінің шкаласы

Өсімдіктер үшін тиімді ылғалдың мөлшері (Wв)	Экономикалық маңыздылықты бағалау коэффициенті (Oв)	Өсімдіктер үшін тиімді ылғалдың мөлшері (Wв)	Экономикалық маңыздылықты бағалау коэффициенті (Oв)	Өсімдіктер үшін тиімді ылғалдың мөлшері (Wв)	Экономикалық маңыздылықты бағалау коэффициенті (Oв)	Өсімдіктер үшін тиімді ылғалдың мөлшері (Wв)	Экономикалық маңыздылықты бағалау коэффициенті (Oв)
<126	0,34	185-202	0,55	297-326	0,89	479-525	1,43
127-138	0,38	203-223	0,61	327-359	0,98	526-578	1,57
139-152	0,41	224-245	0,67	360-395	1,08	579-636	1,73
153-167	0,46	246-269	0,73	396-433	1,18	637-699	1,91
168-184	0,50	270-296	0,81	434-478	1,30	700-769	2,09

Мысалы, қант қызылшасы үшін 400 мм ылғалдың тиімді мөлшерінде түйінді өсімдіктің сабағына қатынасы 1:0,4 бағалау коэффициентінің көбейтіндісіне тең болады:

$$B_{кт} = O_m \cdot O_v = 0,68 \cdot 1,18 = 0,802.$$

Мұндай үйлесу экономикалық маңыздылықты 0,81 бағалау коэффициентінің 14-тобына жатады.

Шынайы мүмкін астық ($A_{шма}$) – бұл астық теориялық түрде генетикалық әлеуетті сортпен немесе аралас тұқыммен және негізінен шектелетін фактормен қамтамасыз етілуі мүмкін.

$$A_{шма} = \frac{100W}{C_{пк}} \cdot \frac{K_m}{C_{пк}},$$

мұнда, W – өсімдік үшін тиімді ылғалдың мөлшері (мм)

K_v – суды пайдалану коэффициенті (мм га/ц)

K_m – негізгі өнімге аударылатын құрғақ салмақтың коэффициенті.

$$K_m = C_t / \sum a,$$

мұндағы C_t – жалпы биосалмақтағы (тең бірлікте қабылдайды) өнімнің тауарлық үлесі;

A – негізгі және жанама өнімдер арақатынастары бөлігінің жиынтығы.

Суды пайдалану коэффициенті (K_c) құрғақ биосалмақтың бірлігін қалыптастыруда шығындалған ылғал мөлшері. Күздік бидай, қара бидай, арпа, сұлы, сондай-ақ картоп үшін бұл коэффициент 350-400-ге тең, ал азықтық қызылша, сәбіз, қырық қабат, жүгері үшін 300-400-ге тең болса, көп жылдық шөп 500-700-ге тең.

1 га келетін өсімдіктердің ылғалмен (тонна) қамтамасыз етілуін анықтау үшін жауын-шашынның мм өлшемдегі мөлшерін 10-ға көбейту қажет, өйткені 1 мм жауын-шашынның 1 га мөлшері 10 т-ға тең келеді. Егер жауын-шашынның жылдық мөлшері есеп-

ке пайдаланылатын болса, онда жер қыртысының бетінен ұшатын бу, еріген қар мен толассыз жауындардан болатын ағын сулардың 70-30%-ын ғана ескеру қажет.

Арпаның шығымдылығына ылғалдың ықпалын зерттеу, әр кезеңде жер қыртысы ылғалының 10%-ға көбеюі астықтың ылғал көлемі ұлғаюының азайғандығын, ал 60% ылғал кезінде астықтың ылғалдану көлемінің кемігендігін көрсетеді. Өсімдіктің толық ылғал сыйымдылығын қамтамасыз еткен жағдайда ол өсуін доғарады.

29. Арпаның шығымдылығына жүргізілген ылғалдандыру тәжірибесінің нәтижесі

Көрсеткіш	Топырақ ылғалдылығының %-бен өлшенген толық ылғал көлеміндегі шығымдылығы						
	10	20	30	40	60	80	100
Шығымдылықтың салыстырмалы коэффициенті	0,28	0,64	0,84	0,96	1,0	0,87	0
Әрбір 10% ылғалға шығымдылықтың қосылуы	-	0,36	0,20	0,12	0,04	0,13	0,87

2.3.3. Жер иелігінің жеке учаскелеріндегі топырақтың су тәртібі және жергілікті жердің жеке бағалау коэффициенті мен эталондық дәрежесін анықтау

Жер қыртысының су мөлшері мен жергілікті жердің жеке коэффициентін және эталондық дәрежесін белгілеу үшін мыналар қажет:

1. Жеке телімнің жағдайын сипаттайтын сілтеуіштер мен көлемге тән көрсеткіштерді белгілеу.
2. Өлшемдік және тұрпаттамалық шкала бойынша өлшемдер көрсеткіштері мен қасиеттер сілтеуіштерін жалпылау және түрлену шарасына жатқызып, олардың маңыздылығының

(Мтб) немесе құндылығының (Ктб) тұтынушылық бағалауын анықтау қажет:

3. Бағалау нормативтерінің туындысын анықтау $B_{нт_3}$.

$$B_{нт_3} = M_{тб_{30}} \cdot M_{тб_{31}} \cdot M_{тб_{32}} \cdot K_{тб_{33}} \cdot M_{тб_{34}} \cdot M_{тб_{35}} \cdot M_{тб_{36}} \cdot K_{тб_{37}} \cdot M_{тб_{38}} \cdot M_{тб_{39}}$$

4. «Бағалау нормативтерінің дәрежесін анықтау» бойынша бағалау нормативтерінің туындысында (16-кесте) және «Бағаланатын аймақтағы эталондық дәреже нәтижелерін анықтау шкаласында» (18-кесте) эталондық дәреже мен жеке бағалау коэффициентін табады.

Мысалы, жер иелігіндегі 5-жер телімі жергілікті жерге және қыртыстың су мөлшеріне байланысты көлемі мен сілтеуіштеріне тән келесі көрсеткіштерді сипаттайды:

- жергілікті жердің ендігі мен ұзындығы – 43-46; 65-70;
- жергілікті жердің теңіз деңгейінен биіктігі – 500-1000;
- рельеф түрлері мен еңістердің көлемі (Псм) – 0,002-0,01;
- тау баурайының көрінісі – Ю;
- егілмеген дақылдардың (Кдж/см) – 80,95-85-99) вегетациясы кезінде ФАР-дың келуі;
- өсімдік биосалмағының құнарлылығы (Кдж/кг) – 17771-18659;
- қыртыс қабатының (см) күші мен су қоры (мм) – 0-100; 159,5-175,4;
- жылдық жауын-шашынды пайдалану коэффициенті – 042-044;
- егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының суды пайдалану коэффициенті – 385;
- астықтың шаруашылық тиімділігінің топтары және ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғалмен қамтамасыз етілуі – 20.

$$B_{нт_3} = 2,34 \cdot 2,60 \cdot 0,95 \cdot 1,00 \cdot 0,82 \cdot 0,55 \cdot 1,21 \cdot 0,59 \cdot 1,16 \cdot 1,43 = 3,09.$$

16-17-кесте бойынша эталондық дәреже Дэтз – 36 және жеке бағалау коэффициентінің дәрежесі $J_{кз}^0$ – 3,07 мұның мәніне сәйкес келеді.

2.3.4. Шаруа қожалығындағы, жер иелігіндегі топырақтың су тәртібін және жергілікті жердің жеке бағалау коэффициенті мен эталондық дәрежесін анықтау

Фермер шаруашылығының жер иелігіндегі жер қыртысының су тәртібі мен жергілікті жердің жеке есептік коэффициенті мына төмендегімен анықталады:

$$J_{кз}^e = \frac{J_{кз1}^0 \cdot K_{кз2}^0 \cdot F_1 + \dots + J_{кзп}^0 \cdot F_n}{F_1 + F_2 + \dots + F_n},$$

